

КЕРЕК ДЕРЕК

ТҰЛҒАТАНУ

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ

**ЕЛБАСЫ АЛҒАШ
5 ЖАСЫНДА АТҚА
МІНГЕН**

7

**КІСІЛІК ПЕН
КІШІЛІК**

8-9

**АСТАНАҒА
ТАРТУ**

10-13

**14 күнге енгізілетін
шектеу шаралары
белгілі болды**

14

6 ШІЛДЕ – АСТАНА КҮНІ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ТАРИХИ ТҰЛҒА ТАҒЫЛЫМЫ

Ел қуатты болса,
қуаныш тұрақты
болады.
Ғасырларды уақыт
ұршығында иірген
мыңжылдықтар
тоғысында Ұлы
дала төсінде жаңа
тұрпатты жас
мемлекет құрылды.
Атасы Алаш,
керегесі ағаш
қазақтың зар
заманда жоғалтқан
құндылықтары
қайтарылды, бары
бүтінделді,
азаттықпен бірге
сәулелі сәттерге
толы шуақты
шөжіресі түзіле
бастады.



Осы бір мерейлі миссияны орындау мемлекетіміздің негізін қалаушы ұлы перзенті, тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың маңдайына жазылғаны – әлемде аумағы жағынан алып елдердің алғашқы ондығына енетін, ұлан-байтақ жерінің асты да, үсті де табиғи ресурстарға бай, көшегі Кеңес Одағынан ірге бөліп шыққан кезде қолында жалын атқан от қаруы бар стратегиялық маңызы зор елге уақыттың өзі сыйлаған ерекше бағы. «Ақылды басшы алдырмас» деген, өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары әлем картасында орын алған тектоникалық үлкен саяси өзгерістердің салмағын саралай отырып, Қазақстанның ұлттық мүддесін сыналап енгізе білген Елбасы осы бір отыз жылдың ішінде жас мемлекетті әлемнің дамыған 30 елінің қатарына қосу мақсатымен көш бастады. Көшіміз көлікті болды. Ұлтымызда «Бас болмақ оңай, бастамақ қиын» деген сөз бар. Бұл орайда Қазақстан – қалыптасқан қоғамдық құрылыстар ауысқан алмағайып кезеңде кемеңгер басшысын таба білген ел.

Бақытжан САҒЫНТАЕВ,
Алматы қаласының әкімі

ҰЛТ ҰСТЫНЫ

Қазақстанның жаңа дәуірде қол жеткізген барлық табысының қайнар көзі – Тәуелсіздік. Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз. Бұл күнге сан ғасыр бойы армандап жеттік.

Иә, уақыттан асқан таразы, уақыттан асқан ұлық болмайтынына тағы бір мәрте көз жетіп отыр. Күні кеше ғана еді, Елбасының ерен еңбегінің арқасында еліміз тәуелсіздік алып, ұлан-асыр қуаныштың құшағына кенелгені. Міне, содан бері ұршықтай үйіріліп отыз жылға жуық уақыт өтіпті.

Айтуға оңай көрінгенімен осынау тар жол, тайғақ кешу күндердің бастауында Нұрсұлтан Әбішұлы тұрды. Нұрсұлтан Назарбаев есімі жаңа тұрпатты тәуелсіз қазақ мемлекетінің негізін қалаған Тұңғыш Президенті, Елбасы ретінде тарих парағына Алтын әріппен жазылды.

Азуын айға білеген алып империя КСРО-ның қираған қиындыларының орнына, апайтөс Еуразияның кіндік тұсында атабабыз мыңдаған жылдар бойы армандаған жаңа тұрпатты жас мемлекет құрды. «Мың өліп, мың тірілген қазақтың» көксеген құндылықтары қайтарылды, бары бүтінделді. Ол – тәуелсіз елдің төл тарихын өз қолымен жасаған тегеурінді тұлға!

Елбасының сындарлы, саликалы саясаты мен кемеңгерлігінің арқасында қазақ елін төрткүл дүние танып білді. Әйгілі саясаткер М.Тэтчердің мойындағанындай, әлемдік деңгейдегі танымал бес саясаткердің бірі де бірегейіне айналды. Түркі дүниесі өзінің көшбасшысы ретінде, ақылман аскалы ретінде құрмет тұтты.

ЕЛ ЖӘНЕ ЕЛБАСЫ

ТАРИХИ ТҰЛҒА

Тарих жолы тактайдай тегіс, түзу бола бермейді. Бұрылысы мен қалтарысы жиі кездесетін дәуірдің сыншысы да көп. Ал нақты әрі батыл іс-әрекетке бара алатын адамдар сирек. Мұндай тұлғалар тарихты түзеді, жана заманды алға жетелейді. Міне, Нұрсұлтан Әбішұлы – осындай айрықша ерік-жігерімен ертеңгі көкжиекке батыл қарай білген бірегей реформатор, әлем мойындаған мемлекет қайраткері! Ол – тәуелсіз елдің төл тарихын өз қолымен жасаған тегеурінді тұлға! Елбасымыз әлемнің ең азулы елдерінің басылары мен саяси қайраткерлері құрмет тұтатын биікке көтеріліп, еліміз халықаралық қоғамдастықтың беделі де беделді мүшесіне айналды. Бұл – күрмеуі қиын күрделі кездерде халықты ауызбіршілік пен татулыққа жұмылдырып, ескі түсініктен нарықтық қоғамға өткізген және әлемдік экономиканың белсенді қатысушысына айналдырған Нұрсұлтан Назарбаев феномені.

Менің Елбасын алғаш көргеніме де 35 жылдың жүзі болыпты. Нұрсұлтан Әбішұлы 1985 жылдың қыркүйегінде Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы кезінде Қытайға келген еді. Ол кезде елшілікте жұмыс істейтінмін. Сонда Үкімет басшысының қытайлықтармен келіссөздер барысында байқалған мол біліміне, тоталитаризм тұсында қалыптасқан жайлар жөніндегі батыл ойларына, сөзінің жүйелілігіне бәріміз қатты риза болғанбыз. Елшілік қызметкерлерімен бас-аяғы екі жарым сағатқа созылған бейресми әңгімеден кейін бас қосқанымызда мен әріптестеріме қарап: «Тегінде, біз Қазақстанның болашақ басшысымен сөйлескен шығармыз» дедім. Арада бес жыл өткенде Нұрсұлтан Назарбаев еліміздің басшылығына келді.

Қазақстанның Тұңғыш Президентінің тәуелсіздік таңындағы алғашқы кадрлық шешімдерінің бірі менің де тағдырымды айқындап берді. «Беласу» атты кітабымда: «Бұл үлкен жүректі адам менің қабілетіме сенді, сенді де оны өзім туып-өскен Қазақстан игілігі үшін аямай жұмауыма жол ашты» деп жазған болатынымын.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысының орынбасары болған жылдарында әлемге жігіл саясаткерлердің Нұрсұлтан Назарбаевқа биік баға берген сөздерін талай естідім. Халқымыз үшін мерейлендім.

Елдің Президентіне ғана емес, еміренген етене перзентіне айнала білген Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қарапайым еңбек адамдарының отбасында дүниеге келді, қазақ мектебінде білім алды, еңбек жолының бастауында шойын қорытын шыңдалды. Өзі туып-өскен Алатаудың асқақ шыңдарындай асқаралы арманына ерте қол созды. Жастайынан жұрттың жайын ойлады, өзі де домбыра шертіп, халық мұрасын жақсы білгендіктен, зиялы қауымға жақын болды. Ұйымдастырушылық қабілеті мен еңбекке деген ерен сүйіспеншілігі жас жетекшінің басқару жүйесінің ең биік шыңына алып келді. 1989 жылы маусым айында ол Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болды, ал 1990 жылы сәуір айында Жоғарғы Кеңес оны Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті етіп сайлады. Осылайша сол кездегі әлемдік геосаясаттағы ең ықпалды елдің бірі саналатын КСРО көлеміндегі ең жас әрі ықпалды басшы ретінде көзге түсті.

Нұрсұлтан Назарбаев кәнігі саясаткер ретінде алып елдің кетеуі кетіп, шаңырағы шайқалып тұрғанын жақсы сезінді. Сондықтан да сол сындарлы шақта Одақ басшылары ортасында жүріп жатқан ойыннан тыс болып, интеграциялық үрдістердің жақтаушысы ретінде көрінді. Бұл ұстанымды қаһарлы елдің бақырғасы соғылген кезде ТМД ұйымын құруға негіз болды. Жана мемлекеттердің құрылуына байланысты «геоэкономиялық сценарийдің» болғанын ескерсек, бұл шын мәнінде ықтимал қантөгістің алдын алған сарабал шешім болды.

Тәуелсіздік алған Қазақстанның алдында тағдыршешті таңдау тұрды. Жас мемлекет әлемдік геосаясаттағы орнын анықтап алуға тиіс еді. Бұл туралы Елбасы былай деп еске алады: «Қазақстан қандай ел болады? Азия мен Еуропаның арасына көпір бола ма? Немесе «Солтүстік – Оңтүстік» осіне айнала ма?»

Мемлекет басшысы жүргізген қайта құрулардың маңызы мен тарихи ауқымын түсінуге сол кездегі елдің ахуалын көз алдымызға елестетіп көрсек те жеткілікті. Кеңестік қоғамнан тәуелсіз Қазақ еліне тұралаған экономика, тоқтаған кәсіпорындар мен ауыл шаруашылығы, келешілік, жұмыссыздық мәселелері «мұраға» қалған-ды. Мұның бәрі әлеуметтік қысымды күшейте түсті, кез-келген уақытта ел ішінде тұрақсыздық белең алуы әбден мүмкін болатын. Сондай-ақ, сол кездегі көптеген саясаткерлер мен сарапшылар еліміздің болашағына үлкен күмәнмен қарағаны да шындық. Олардың пайымынша, Қазақстандағы экономикалық, демографиялық қиындықтар мен шекаралық заңды түрде бекітілмеуі елдің шынайы тәуелсіздігіне нұқсан келтіреді-міс. Алайда, Тұңғыш Президенттің парасатпен жүргізген перменді саясаты әлгіндегі сенімсіздік танытқан тұқырымдардың тас-талқанын шығарды. Бір ғана шекара белдеуін шегендеп берудің өзі қаншама қажыр-қайратты қажет етісесіңші.

Әлбетте, Нұрсұлтан Әбішұлы жаһандық саясатта танылған еткен ең алғашқы қадамдардың бірі – Семей ядролық сынақ алаңын жабу туралы Жарлығы болды. Ядролық сынақ қару-жарағына ие болып қалу Қазақстанға қаншалықты артықшылық бермек, әлде жаңа бір шешеністің ошағы тұтана ма деген саяулардың зор тәртібінде тұрған-ды. Өйткені, еліміздің қолындағы ядролық арсенал осы санатта



әлемнің алғашқы төрттігіне қосылуда мүмкіндік беретін еді. Алайда, Елбасының саяси ерік-жігері арқылы қазақ ұлты әлемде ядролық сынақтан қатты зардап шеккен халық ретінде жойқын қаруды таратпау туралы бастама көтерді.

Тұңғыш Президенттің тоқтамын халықаралық қауымдастық та оң қабылдады. Бүгінге дейін Қазақстанның бастамасын қуаттаған бірқатар мемлекеттер ашық күнді тозаққа айналдырған ядролық полигондарын жауып, қолдау көрсетіп келеді.

Айталық, Семей полигоны жабылғаннан кейін Ресейдің Жаңа жердегі сынақ полигоны, АҚШ аумағындағы «Невада» полигоны, француздардың Тынық мұхиттағы полигоны және Қытайдың Лобнор ядролық сынақ алаңы жұмысын тоқтатты. Жер шарының кез-келген нүктесіне жетерлік бір мың екі жүз ядролық октымсығы бар 110-нан астам баллистикалық зымыранды құрайтын мөлшері жағынан әлемдегі төртінші ядролық әлеует АҚШ және Ресеймен бірлесіп отырып, залалсыздандырылды. 2006 жылдың қыркүйегінде аймақтағы өзге де елдермен бірге Орталық Азияны ядросыз аймақ деп жариялаған Семей келісіміне қол қойылды. Келісімде қазіргі өзінде 200-ге жуық мемлекет қосылды, 150-ден астамы ратификацияланды. Қазақстанның бұл бейбітшілік идеясы негізінде Президент Жарлыққа қол қойған 29 тамыз – Дүниежүзілік ядролық қаруға қарсы іс-қимыл күні ретінде аталып өтеді. Осы бейбіт бастаманы әлі де белсенді жалғастыруымыз қажет.

Елбасы – БҰҰ мінберінен әріптестерін атомды бейбіт мақсатқа қолдануға үндеген салықтық саясаткер. Бұл мәселе 1946 жылы алғаш шақырылған Бас Ассамблеяда қозғалғанымен әлем елдері жанталаса қарулануын тоқтатпаған болатын. Сондықтан Тұңғыш Президенттің тегеурінді сөзі мен ісі бір ариадна табылып, ол жаһандағы жойқын қаруды таратпау жолындағы жүйелі жұмысты бастап берді. Сондай-ақ, Нұрсұлтан Назарбаев ғаламдық жылыну мәселесіне де бейжай қарамай, әлем назарын Орталық Азияның ғана емес, адамзаттың бас ауруына айналған Арал проблемасына аударды. Өйткені, теңіздің құрғаған табанынан ұшқан тұз солтүстік жарты шарға жеткен болатын. Бүгінде кіші Аралдың арнасы толып, тұздылығы азайып, балық шаруашылықтарына қайтадан қан жүгірді, теңіз табанынан көшкен құмды тоқтату үшін үлкен аумаққа сексеуіл ормандары егілуде. Ол осы арада экологиялық аппаратмен күресуге жәрдемдесу мақсатында әлемдік экономикалық мәселелердің реестрін дайындау сынды өте өзекті ұсыныс білдірді. Сол арқылы БҰҰ-ның әлемдік қарым-қатынастарды, адамзатқа ортақ мәселелерді реттеудегі орнын күшейтуге де үлес қосты.

Ол ұлтты біріктіруші ұлы тұлға ретінде тәуелсіздік тұжырымды бекітуге және нығайтуға бар күш-жігерін арнады. Еуразия құрлығындағы алыттардың ортасында отырып, достық рәуишті дипломатия арқылы мәмілегерлік жолды ұстанды. «Ел ұстама, ел ұтасқан, кек ұстама» деген бабалар сөзімен берік байлам жасады. Әлбетте, дүниенің екі бөлігі – Еуропа мен Азияның арасынан, екі өркеніет – батыс пен шығыс мәдениетінің ортасынан, екі жүйе – тоталитаризм мен демократияның аралығынан жол тауып шыға білу – сұңғылалықпен, көрегендікпен сипатталатын саяси зор қабілет. Елбасы осы бір алшақ дүниетанымдардың арасынан қоғамға ортақ қасиеттер – азиялық дәстүр мен батыс жаңашылдығын жымдастыра отырып, жана тұрпатты мемлекеттің ұстынын қалыптастырды. Бүгінде барша әлем Қазақстанды қарқынды интеграцияның қатысушысы және бейбіт ел ретінде біледі. Бұл – Елбасының ерен еңбегі мен ерекше көрегенділігінің

нәтижесі. Осы жолда ол АҚШ, Ресей, Қытай сияқты алауыт елдердің, Еуропа, Азия елдері басшыларының бірнеше буынымен ресми-бейресми байланыс орнатып, Қазақстанның халықаралық қауымдастықтағы орнын айқындауда айрықша еңбек сіңірді.

Нұрсұлтан Назарбаев барлық реформаның қозғаушы күші де, кепілі де өзі болды. Сондықтан да қолға алған іс-қимылдың дені сәтпен жүзеге асырылды. Оның бастамасымен еліміз жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшті. Барлық мемлекеттік құрылымдарда түбегейлі реформалар жүргізілді. Демократия дәстүрлері орнықпаған, құқықтық тәртіп беки қоймаған елде қатаң орталықтандырылған жүйеден еркін нарыққа көшу үздік-создық, ауыр әрі күрделі болды. Бұл Нұрсұлтан Әбішұлы тарапынан жасалған тәуекелі зор, үлкен қадам еді.

НАТО-ның Бас хатшысы Дж. Робертсон бұл туралы кейін: «Президент Назарбаевқа өткенді бұзу және ел ішінде шынайы реформаларды жалғастыру, тез өзгеретін халықаралық жағдайға бейімделудің қаншалықты қиынға түскенін жақсы түсінеміз» деп еске алды. Міне, осындай өтпелі кезеңде Елбасына бір мезгілде бір-біріне қайшы келетін мәселелерді шешуге тура келді. Ол бір жағынан халықтың күнделікті өмір сүруіне қажетті нәрселермен – қалалар мен елді мекендердегі жылу, жарық мәселелерін шешумен, екінші жағынан мемлекеттің ұзақ мерзімді стратегиялық даму жоспарларын айқындаумен айналысты. Бірінші кезеңде қатаң билік жүйесімен асқан экономиканы либералдандыру міндеті тұрды. Өйткені, мейлінше аз шығын мен күш жұмсай отырып, жоспарланған өзгерістерді жасау үшін қуатты атқарушы билік және халық алдындағы, тарих алдындағы жеке жауапкершілік керек екенін жақсы түсінді. Ең қиын реформалар осы уақытта жүргізілді. Жекешелендірудің бірнеше кезеңі өткізілді. Нәтижесінде өндіріске жан бітті, қаржылық және макроэкономикалық тұрақтандыру іске асырылды, бюджет пен салық жүйесі құрылды, инфляция жүгендеді, халықтың өмір сүру сапасының ең төменгі жеткілікті деңгейі қамтамасыз етілді.

Президенттің бас болып атқарған үлкен бір қызметі – ұлттық валютаның қолданысқа енуі. Өзіндік қаржылық-экономикалық жүйе құрылды, биліктің атқарушы органдарының бірыңғай вертикалы бекітілді, Қарулы күштер және басқа да күштік құрылымдар жасқатты, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі нығай түсті. Сонымен қатар, компартиялық жүйе жасалып, азаматтық қоғамның негізі қаланды, баспасөздің еркіндігіне жол ашылды. Қазақстан өзінің өркеніетті даму жолын таңдады.

Қол жеткізінген жетістіктер мемлекеттік дамуды жоспарлаудың келесі кезеңіне өтуге, стратегиялық сипаттағы міндеттерді шешуге мүмкіндік берді. Осылайша Президенттің бастамасымен Қазақстанды дамытудың 2030 жылға дейінгі жоспары жасалды. Бұл құжат елімізді жаһандық дамуың күрделі өткелдерінен, сындарлы сәттері мен дағдарыстарынан аман алып өтуге жол сілтеді деп нық сеніммен айта аламыз. 2012 жылы еліміздің жана «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қабылданды. Осы арқылы ХХІ ғасырдағы жаһандық оң сын-қатерге дайын болу жөніндегі негізгі бағыттар белгіленіп, еліміздің алдына әлемнің дамыған 30 мемлекетінің қатарына қосылу міндеті қойылды.

Негізгі жетістіктерге сыртқы байланыс саласында көптеп қол жеткізінгенімізді айтуға болады. Жетекші елдердің арасындағы теңгерімді саясатқа негізделген дипломатия арқылы еліміз ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік алды. Елбасы әлемде жан-жақты байланысты жүргізе отырып, конвекторы

ЕЛ ЖӘНЕ ЕЛБАСЫ

ТАҒЫЛЫМЫ

саясаттың негізін қалады, оның авторы атанды. Ол бұрынғы КСРО мен ТМД кеңістігіндегі әріптестерінің арасынан жаһандық деңгейде мойындалған әлемдік көшбасшылардың санатына енді. Бұл жөнінде «Президент Назарбаев – кеңестік саясаттағы жарық жұлдыз, түрлі республикалар арасындағы ірі тұлға. Қазақстан лидері – белгілі деңгейде қатал, тәжірибелі, жедел шешім қабылдай алатын адам. Одақтың басқа республикаларының өзі мойындаған жылы шырайлы, талантты және табанды басшы. Назарбаев елді басқарып тұрғанда, Қазақстанның табыстарға жету мүмкіндігі анағұрлым мол болады» деген Сингапурдың бірінші Премьер-министрі, көрнекті саяси тұлға Ли Куан Юдың бағасы әділ болғанын тарихтың өзі дәлелдеп отыр.

Нұрсұлтан Назарбаев әр түрлі мінезге ие адамдармен жарасым таба алады. Әрине, оның харизматикалық болмысы туралы аз айтылмайды. Мұндай сирек қасиет әркімге беріле бермейді, бұл – расында да ең әуелі табиғат сыйы, содан кейін адамның өзін-өзі үнемі дамытуына тікелей байланысты қасиет. Ұзақ жылдар бойы Елбасының еңбегіне шөкірт ретінде де, серіктесі ретінде де, үзгенісесі ретінде де көңіл аудару жүріп, әркез қабілетіне таңғалатынымыз жасырмаймын. Ол көп оқиды, ұлттық әдебиетке ғана емес, шет ел әдебиетіне де көңіл бөледі, барлық оқиғадан хабардар болып отырады, елдің тарихы мен мәдениетін жетік біледі, әсіресе экономикалық ақпаратқа жіті ден қояды.

Сыртқы саясатта қызмет еткен адам ретінде Нұрсұлтан Назарбаевтың шетелдік басшылармен кездесуге өте тыңғылықты әзірленетінін білемін. Ол Сыртқы істер министрлігі мен басқа да ведомстволар дайындаған ақпараттық материалдармен мұқият танысқан, содан соң жеке қойын дәптеріне өзінің тезистерін жазған еді. Оны барлық нәрсе қызықтырған деуге болады: сол елдің экономикалық жағдайы, кездесетін тұлғаның мінезіндегі ерекшеліктер, іскерлік қасиеттері және басқалар. Осының бәрін мықтап көңілге түйетін Тұңғыш Президент барлық әріптестері, тіпті БАҚ өкілдері үшін де тартымды, қызылдықты әңгімелесушіге айналады. Ең ерекше қасиетінің бірі – әзіл сөзді орынды қолданады. Елбасының тауып айтатын әзіл-қалжыны әр кездесу соңынан әлемдік саясат өкілдері арасына бірден тарап кетеді. Оның тапқырлығын шет ел саясаткерлері үнемі жоғары бағалайды.

Бұл қасиеттері оны ұдайы жетістікке жеткізіп келеді. Дегенмен, саяси тұлғасының жөні бөлек. Ол әлемдік оқиғалар туралы, оны өз еліне өлшеп-пішу арқылы заманауи қарым-қатынастағы құрылымға үйлестіру туралы үнемі ойланады. Иә, Елбасы Қазақстанның әлемдік саясаттан шеткері қалмауы үшін де шет елдерге көбірек шыққан, резиденциясында шетелдік қонақтарды жиі қабылдаған.

Нұрсұлтан Әбішұлы Уинстон Черчилльдің «Қиын уақытта елді мықты басып басқару керек» деген сөзін басылыққа алады. Қазақстанға қатысты қарасак, саясат албыны бұл тұжырымды өте өзекті, өйткені мұндай басылықсыз ел он өзгерістер жасай алмас еді. Елбасы өзі атап өткендей, реформалардың нәтижесінде ең басты мақсатқа – адамдардың психологиясын өзгертуге көл жетті. Сондықтан Францияның экс-президенті, көрнекті саясаткер Жак Ширак: «Франция 1991 жылдан бергі өзгерістерді өте маңызды әрі шешуші өзгерістер санайды. Белгісіздік және күрделілік жағдайында Сіздің еліңіз мемлекеттік құрылыстың кері айналымын жолына түсті, өзінің ұлттық құндылықтары мен ұзақ тарихына адалдық танытып, адамзаттың ортақ демократиялық қағидаттары мен құқықтық мемлекетке бейімділігін көрсетті» деп зор бағасын бере отырып, Нұрсұлтан Әбішұлының Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесін шақыру, дін мен мәдениеттер арасындағы диалогтарды дамыту ісін бастамауларын қолдайтынын жеткізді.

Елбасының арқасында Қазақстан интеграциялық үдерістерге ашық ел ретінде танылды. Мәселен, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Еуразиялық экономикалық одақ, Ислам ынтымақтастығы ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы, Түркі кеңесі және т.б. халықаралық ұйымдардың белсенді мүшесі әрі бастамашысы ретінде еліміз аймақаралық мемлекетаралық қарым-қатынастарды тиімді дамытудың жақтаушысы болып келеді.

Елбасының ел астанасын Арқа төсіне көшіру туралы идеясы Қазақстанның дамуындағы маңызды зор тарихи бетбұрыс болды. Оның елорданы Есілдің жағасынан салу жөніндегі бастамасы еліміздің қоғамдық-саяси өміріне де, әлемдік қауымдастық алдындағы беделіне де айтарлықтай серпіліс әкелді. Бұл еліміздің теосаяси бағытын нығайтуға үлкен үлес қосты. Қазақстанның біртұтас ел ретіндегі дамуын айқындай түсті. Астананы көшіру идеясы елді біріктіруші факторға айналды. Бүгінде елорданың – халқымыздың мақтаншысы һәм сүйікті шаһары. Былтыр мен астана авторының елорданы салып, дамытуға қосқан орасан зор үлесін әділ бағалай отырып, қалаға Нұр-Сұлтан атауын беру туралы шешім қабылдадым. Бұл дұрыс шешім болғанына еш күмән жоқ. Бұл қадам Қазақстанның жаңа тарихы мен Елбасы есімінің біртұтас ұғымыға айналғанын білдіреді.

Жаңа астанамыз әлемде бейбітсүйгіш қала ретінде ЮНЕСКО-ның арнайы бағасына ие болды. Нұр-Сұлтан қаласы қазір Қазақ елінің гана емес, әлемдік ойталқылардың орталығы, халықаралық басосудардың айтулы алаңы ретінде қалыптасты. Астанамызда 2010 жылы ЕКБҰ саммиті өтіп, әлем елдерінің басшылары бас қосты. Елорда 2011 жылы Қысқы Азия ойындарын Алматы қаласымен бірлесіп



ұйымдастырды. 2017 жылы ЭКСПО халықаралық көрмесі көз алдымызда зор табыспен өтті. Қазақ елі аталған көрмеде әлемдегі өзгермелі жағдайды ескере отырып, баламалы қуат көздерін дамыту туралы бастама көтергені мәлім. Бүгінде бұл бағытта жаңа технологиялар қолданысқа кенінен енгізілуде. Осылайша жас мемлекетіміз Жер шарының табиғи ресурстарын тиімді пайдалануға және қоршаған ортаны барынша қорғауға өзіндік үлесін қосты. Әлемдегі дәстүрлі діндер мен конфессиялар көшбасшыларының съезі тұрақты түрде өтіп келеді. Жаһандық деңгейдегі саясаткерлер Қазақстанның этносаралық татулық үлгісін «Назарбаев моделі» деп атайды. Олар Қазақстанның бұл тараптағы тәжірибесін жеті зерделеп, басқа елдерге таратуға да ықыласы болып отыр. Елорданың Сирия дағдарысы бойынша Астана процесі атауымен бітімгершілік миссиясына қызмет етті. Осының бәрі шаһардың шынайы келбетін қалыптастырып, шын мәніндегі бейбітшілік қаласы екенін жаһан жұртына дәлелдей түсті.

Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен ел экономикасы қаршытап алға басты, индустриаландыру бағдарламалары бойынша жемісті жұмыс жүргізілді. Көптеген кәсіпорын құрылып, бәсекелестікке төтеп бергендері ел игілігіне қызмет етуде. Табиғи ресурстарды игеруге әлемнің маңдайалды корпорациялары жұмылып, Қазақстан экономикасына қомақты инвестиция құйды. Олар бүгінде бюджетке айтарлықтай салық түсімін қамтамасыз етіп отыр. Бизнесің әлеуметтік жауапкершілігі тұрғысынан да ел инфрақұрылымына қажетті нысандар көптеп салынды. Мұның бәрі ең әуелі халыққа жұмыс тауып беруге жол ашты.

Негізі, бизнес нағыз бәсекелестік ортада дамитыны белгілі. Ол үшін қолайлы орта құрылып, қажетті заңнамалық-құқықтық қолдаулар жасалуға тиіс. Яғни салынған инвестицияның қорғалатынына, әділ бәсекелестік ортада жұмыс жүргізілетініне сенім болуы қажет. Мемлекет келіпидігі осы арада керек. Бұл міндеттемені мемлекеттік институт жоғары деңгейде орындады. Қазір Қазақстанға инвестиция салуға мүдделі шетелдік инвесторларға қажетті жағдайдың бәрі бар. Жыл сайын елге тартылған инвестиция көлемі артып келеді. Бұл үрдіс халықтың әл-ауқатының артуына, тұрақтылығының нығаюына септігін тигізуде.

Қазіргідей аумалы-төкпелі заманда кез-келген өзгеріске даяр болу, үнемі ізденісте жүру, өзін-өзі жетілдіру өте маңызды. Бұл ретте Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы Қазақстан қоғамының ой-санасын прагматизмге үндеуге зор үлес қосты. Ел руханиятының айнасы іспеттес осы бағдарлама арқылы мәдениетіміз бен өнеріміздің жоғы түгенделіп, бары бағасын алды. «Рухани жаңғыруда» мемлекетіміздің жаңа сапалық деңгейге көтерілуіне мүмкіндік беретін қажетті қадамдар нақты белгіленді.

«Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан» дейді халқымыз. Нұрсұлтан Назарбаев еліміздің билігін қолға алған 30 жылдың ішінде жаңа мемлекет құрудың барлық қиындығын бастан өткерді. Еңселі мұраттарды еңсеріп, толағай табысқа қол жеткізді. Қазақ жұртын төрткүл дүниеге танытып, барша әлемге мойындады бұл.

Мен Елбасының көп нәрсе үйрендім, өмірілік өнеге алдым. «Төрелі жерге ел тоқтайды, төбелі жерге мал тоқтайды». Былтыр еліміздің тарихында үлкен бетбұрыс болды. Тұңғыш Президент биліктің ауысуы барысында маған өлшеусіз сенім артты. Бұл тағы да Елбасы ел мүддесі жолында кез-келген шешімге бара алатын ерекше батылдығын байқатты. Ең бастысы, біз биліктің ауысуын тұрақтылық жағдайында өткізе

білдік. Бұл – Елбасының парасаты мен көрегенділігін көрсеткен тарихи оқиға. Былтырғы Президент сайлауында халық Елбасының стратегиялық бағдарын қолдап дауыс берді. Сондықтан бұл жеңіс – халқымыздың жеңісі!

Менің «Ігілік – баршаға! Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу» атты сайлаудың бағдарлама Елбасының бастамасымен қол жеткізген жетістіктерді еселеуге, Тұңғыш Президенттің бағытын жалғастыруға негізделген. Осылайша елімізде сабақтастық салтанат құрды. Бұл бағытта «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асырудамыз. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі ел ішіндегі күрделі мәселелерді билік тармағына жеткізуші алаңға айналды.

Биылғы алғашқы жартыжылдық барлық әлем елдері секілді Қазақстанға да оңай тимеді. Жаһанды әбгерге салған пандемия бізді де айналдыр өтпеді. Бұл сын-қатерлер халқымызды біріктіріп түсті. Нұрсұлтан Назарбаевтың «Біз тәуелсіздікті сәт сайын қорғауымыз керек!» деген қанатты сөзі бар. Жер шарының тұрғындарына қауіп төндірген қатерлі дерттен азаматтарымызды қорғау – тәуелсіздігімізді де қорғау деп білемін.

Індетпен күрес шаралары әлі жалғасады. Елбасы осы сындарлы кезеңде ел елімен етене екенін білдіріп, өзі жетекшілік ететін «Nur Otan» партиясының жалпыхалықтық «Біз біргеміз!» акциясын жариялады. Үндеу тастап, үнемі бір-бірімізге қолдау көрсетуге шақырды. Күллі ел Елбасының ізгілікке шақыруын қабыл алып, күрделі кезеңде береке-бірліктің үлгісін көрсетуде. Бұл игі бастама Нұрсұлтан Әбішұлының халықты мемлекеттік мүддеге жұмылдырушы тұлға екенін тағы да айқын танытты.

Елдегі әлеуметтік ахуалды оңалту – біздің негізгі міндетіміз. Әлеуметтік қолдаумен бірге халықты еңбекке тартудың маңызы зор. Сондықтан жаңа жұмыс орындарын құруға күш салатын боламыз. Қазақстанның білімі мен ғылымын дамытуға ден қоямыз. Бұл – ел экономикасы мен келешегі жолындағы нақты қадам. Болашақта қазақстандықтардың адами әлеуеті жоғары болуы қажет.

Елбасы – еліміздің негізін қалаушы, елдігіміздің символы, тәуелсіз Қазақстанның төл тарихының бастауында тұрған тұғырлы тұлға! Қазақ елі қарымды қайраткерге үнемі құрмет көрсетіп келеді. Сексеннің сегізінге сергек жеткен саясаткердің ел мен жер алдындағы ұшан-теңіз еңбегі – ұрпаққа үлгі, баршаға өнеге! Тәуелсіздіктің бастауындағы ұйқысыз түндер мен тынымсыз күндердегі атқарылған істерді кейінгі буын келешекте әлі талай рет зерделейді, әділ бағасын береді.

Нұрсұлтан Назарбаевтың бар ғұмыры тәуелсіздіктің елен-алаңынан бастап бүгінге дейін Қазақ мемлекетін нығайту ісімен біте қайнасып келеді. Шетелдіктер оны заманауи Қазақстанның негізін қалаушы және көшбасшысы ретінде жақсы біледі, сыйлайды. Тұңғыш Президентіміздің мемлекет қайраткері ретіндегі қарым-қабілеті талассыз мойындалған. Мен Елбасымыз бен шетелдіктер арасындағы көптеген халықаралық кездесулер мен келіссөздердің куәсі болғандықтан осыны зор жауапкершілікпен айтуға хақым бар деп ойлаймын. Ол – шын мәнінде жаһан жұртына кең танымал, халықаралық қауымдастықта айрықша беделді, әлемдік деңгейдегі саясат сардары. Елбасы бұл биікке қажырлы еңбегімен, парасат-пайымымен, маңдай терімен жетті.

Ендеше, біз өскелең ұрпақты барша жұрт мақтан тұтатын тарихи тұлғаның тағалымы арқылы құрметтеуіміз керек.

ТҰЛҒАТАНУ

Аумалы-төкпелі заманалардың кең айдыны мен асау толқынында жұтыла жаздап, ойы мен бойын сан тіктеген Ұлы Даланың қай кезеңіне назар салмайық, ұлт пен ұрпақтың қамын, елдік пен егемендіктің салтын сақтау үшін жүргізілген ұлы күрес үзілмеген.



АЛАШ РУХЫНЫҢ АМАНАТЫ

Нұрлан ОРАЗАЛПИН,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Үздіксіз жүргізілген.

Ұлтымыздың рухын шақырап мұндай майдандар қисапсыз. Жеңген тұсымыз да, жеңілген сәтімді де жетіп-артылады. Батыс, Шығыс дейтін ежелден келе жатқан мәдениет пен өркениет өрісін, айғақтар қос ұғымының нықтаса қонған оларға тұсында өмір сүру, ұрпақ сүю, өзінің ұлттық сипатын сақтай отырып, ел болу, мемлекет құру міндеті пешенесіне жазылған Қазақ Елінің осынау көпғасырлық ұлы тарихында Тәуелсіздік дәуірінің орны айырықша!

Бұл – аталар аманатын арқаалаған ақиқаттың көрінісі!

Бұл – ес біліп, етек жапқалы «енку-енку жер шалып, тебінгісін терге шіртіп, терлігін майға ерітіп жүріп», теңдік дейтін киелі де қасиетті сөзге қанат бітірген, «өлгені тіріліп, өшкені қайта жанған» алаш дейтін айбынды жұрттың алты құрлыққа аты танылған, шекарасын шегендеп, астанасын салдыртқан, ойы да еркін, сөзі де еркін жаңа бұын, жас ұрпақ санасын әлемдік қарым-қатынастар биігіне алып шыққан дәуірдің шындығы!

Бұл – Ұлт тарихына Нұрсұлтан Назарбаев есімімен мәңгілікке енер Мәңгілік Ел тарихының тәлімді, тағдырлы тараулары!

Мен – 1990–1994 жылдар аралығында баламамыз негізде алғаш сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің құрамында депутат бола жүріп, осы кезеңнің біраз ақиқаты мен шындығын көзімен көрген, жүрегімнен сезінген, ой-санасы арқылы өткізген адаммын.

Соның бірі – ел санасына сіңіп, жадына бекіген 1991 жыл.

Қазақ Рухына қанат бітіріп, Алаш Аманатын арқаалаған жыл!

Қара орман қазақ жұртының жадында айырықша оқиғалармен танбаланып қалған тағдырлы жыл.

Тағылымды жыл.

Тарихи таңдау жасалған жыл!

Әлемнің «алтыншы империясы» күйреп, Кеңестер Одағы біржола ыдыраған жыл...

Араға жиырма тоғыз жыл салып, со бір зобаланы мен киындығы мол, ауырталығы мен тауқыметі шаштан асар өткен ғасырдың тоқсаншыны жылдарын еске алған сайын, арқамызды аяз қапқандай күй кешетініміз рас. Ойлап отырсақ, осы бір сұрақ-сауалы миллиондардың шашын ағартып, жанын жүдетіп, жүректерге әжім салған уақыт үзгі жалғыз Кеңестер Одағын ғана емес, күллі әлемді, барша адамзат баласының тағдырын жіп ұшына ілген де шындық еді...

Қолында қас-қағым сәт ішінде дүниені тып-тынып жасап, жойып жіберетіндей аса қауіпті ядролық қарудың бай арсеналы бар алып ел жаралы жолбарыстай бүктетіліп, ашу шақыра, өз жарасын өзі жалап, өз тағдырымен өзі жанталасып жатты. Арғы-берідегі жер үсті жылнамасына енген ұлы империялардай бұл империяның да тарих аренасынан кетуі аса жеңіл бола қойған жоқ. Кетіргісі келген күштер мен кетпеуге ұмтылған долы мінездің алыс-жұлысы шырғудың шегіне жетті. Әлемнің «алтыншы бөлігі» белгісіздік белдеуінің ұйғына бір батып, бір шығып, тұншығып жатты. Ұлт республикалары бірнен соң бірі тәуелсіздігін жариялап, Орталық жанұшыра аласұрды. Екінші дүниежүзілік соғыстан бергі әлемнің ара салмағын ұстап келген алпауыт күштердің тепе-теңдігі бұзылды. Ядролық қарудан сескеніп, алты құрлық Мәскеудің ашулы қабағы мен әр қимылын қалай бақса, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтің сөзімен айтқанда, «Қазақстанда орналасқан 104 дана СС-18 тұрақты қондырғылы ракета мен оқшантайындағы 1400 жебе қақында мәселе көтеріліп...» солай алдауды болды.

Жасыратыны жоқ, ұзақ уақыттар бойы әлемдік билікке таласқан екі елдің көкейі белгілі. Мәскеудің жағдайы алғидей... Ал АҚШ бұл мәселеде өз мақсаты мен өз ұстанымы барын әлем жақсы білді. Ол туралы ұлт лидерінің «Ғасырлар тоғысы» кітабында жан-жақты талданған. Түпкі мақсаты – Тәуелсіздікке туған жұрттың өрісті, өркеніетті жолмен қансыз, қапысыз жеткізуді ойлаған Қазақстан есімді жас елдің жалынды басшысы Кеңестер Одағы тұсындағы ел басқару ісінде жинаған «бес қаруын» – бай тәжірибесін, Алла-Тағаладан бойына дарыған кенен кемелгерлік мінзесін, терең парасат-пайымымен, ерен мәмілетерлік қарым-қабілетімен үйлестіре отырып, жаңа мемлекет құру ісін қолға алды.

Бәрі көз алдымызда өтіп жатты. Біз білетін, біз білмейтін жайлар қаншама?!

Сол біз білетін, жалпақ жұрт жақсы құлақтанған үш тарихи оқиға осы атаулы жылдың енісіне кіргені белгілі.

Біріншісі – осы жылы Мемлекет басшысының Жарлығымен Семей ядролық полигонының жабылуы. Бұл – шынайы тарихи ерлік еді!

Екіншісі – 1 желтоқсан күні өткен Қазақ Елінің тарихына нағыз демократиялық сипаттағы айырықша ұлы оқиға болып енген жалпыхалықтық алғашқы Президент сайлауы!

Үшіншісі – Алаш тарихына алтын әріптермен жазылған 16 желтоқсан күні Парламенттің қолдауымен алғашқы Қазақ Президентінің Жарлығымен өмірге келген Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік Күні!

Көріп отырсыздар, ұлт өмірінің өзгеше өріс алып, жаңа тарихтағы көшін үлкен жолға салуын қамтамасыз еткен үш бірдей құжаттың тұсауының кесілуі, міне, осындай төркінінде күрмеуі қиын, күрделі саяси оқиғалар жасырынып жатқан, экономикалық қиындықтары тізгіні ұстап, әлеуметтік іріксіздері мен сілкіністері де бет қаратпас кезеңде жүзеге асты. Тәуелсіздену дәуірінің хроникасына ден қойсақ, Нұрсұлтан Назарбаев 1991 жылдың осынау негізгі үш тарихи іргелі құжатна келу үшін Орталық тарапынан болған қарсылық пен наразылыққа қарамай, 1990 жылдың 24 сәуірінде Республиканың саяси өміріне Президенттік билік үлгісін кіргізгені, 1990 жылдың 25 қазаны күні «Қазақ ССР-ның «Мемлекеттік Егемендігі туралы Декларациясы» жариялағанын көреміз.

Қоғам, заман талаптарына сай сабақтаса отырып өмірге келген бұл құжаттардың қай-қайсысы да ұлт көшін жаңа асuarға бастаған тұрлауды тарихтың тағылымды қадамдары мен жарқын беттері еді.

Сонымен...

1991 жыл берісі – Қазақстан, әрісі – әлем тарихына қырық жыл бойы қазақ жеріне ажал сеуіп келген Семей ядролық полигонының жабылған уақыты болып енді.

Бұл – Тұңғыш Қазақ Президентінің пәрменімен жүзеге асқан адамзат баласының жаңа тарихында бұрын-соңды болмаған теңдессіз шешім! Ерліктің үлгісі еді! Соның арқасында «арғы-бергі дәуірлерді өзінің өлмес «өлең-сөзімен» жалғап, «Патша-Құдайға» сыйынған, адамзат өркениетінің өрісін кеңейткен данышпан Абайдың бесігін тербеткен, қасиеті мен қасіреті ұлт мәңгілігіне айналған Қазақ жері әлем назарын бірден өзіне бұрды.

Төрткүл дүниені жанталаса қаруланып, бір-бірінен асып түсуге, ұмтылып жатқан, ақылдан гөрі алтын мен ашу озыңқырап тұрған кезеңде Еуразия атты ежелгі құрлықта әлі өзінің Тәуелсіздігін ресми түрде жариялай қоймаған «алтыншы империяның» форфосты саналатын бодан елдің «ағом қаруынан бас тартып, адамзатты ядролық әлемде өмір сүруге үндеуі» алты құрлықты өзіне жалт қаратты. Батыстың да, Шығыстың да сұрақ-сауалы қоюлана түсті. Аталмыш шешім полигономмен қоса, Қазақ Елін, осындай көзсіз ерлікке барып, тәуекел еткен Назарбаев есімді Қазақ Елінің басшысын – кесек мінзеді, кесекті саяси тұлғаның да атын әлемге жайды.

Қазақ жері мен Қазақ елінің Президентіне назар аударып, қызығушылар көбейді. Әрқайсысы әр түрлі мақсат пен әраулан мүддені көздеген сыртқы күштердің Алтай мен Атырау арасын жайлаған осынау ұлы кеңістікті жаппай зерттеуі басталды. Ел тамырын басып көрудің алуан-алуан жолы бар. Ел басқару жұмысындағы ала-құла әңгімелер мен демократияны желеу етіп, Республика басшысына ықпал жүргізу дейтін ежелден белгілі ескі әдіс іске қосылды. Бұл қадамдар өз кезегінде күйреуге бет алып, ыдырау қарсаңында тұрғанымен, әлі сахнадан кете қоймаған Кеңестер Одағы дейтін қызыл империя тарапынан да наразылықты күшейтті. Орталық Назарбаев туралы қозғалыс қырық құбылды. Жерінің үсті де, асты да сыныған қазына мен сарқылмас байлық болып елестейтін Қазақ Елі мен қазақ жері XX ғасырды осындай аса қатерлі жанжалдың ошағы болып аяқтау қарсаңында тұрды. Егер... Қайсыбір бауырлас республикалардағыдай ұшқалқақ сөз бен асығыс әрекеттерге жол беріле қалған жағдайда, Еуразия кеңістігіндегі осы бір Ұлы Дала аймағында соғыс өрті лап ете қалуы ғажап емес еді. Ондай өрт жалыны Тәжік, Қырғыз, Қапқаз бен Балтық жағалауы елдерін қалай қапқаны, оны кімдердің, қалай жүзеге асырғаны ел есінде...

Соңы. Басы 1-бетте.

Дүниеде адамдардың бір-бірімен түсініскенінен артық байлық жоқ. Сондай мемлекетте ғана тұрақтылық, даму, өсіп-өркендеу болады. Осы ұстанымды берік ұстанған Нұрсұлтан Әбішұлы елдің экономикалық табыстарының және халықтардың тең құқылық қағидатын бекітудің негізінде ұлттық бірлікті қамтамасыз етті, этносаралық және конфессияаралық келісімді нығайтуды жол ашты. Нұрсұлтан Әбішұлы әлемдегі ете қауіпті апат ошағы – Семей ядролық сынақ алаңын жабу туралы Жарлыққа қол қойды. Бұл адамзат бақыты жолында жасалған алғашқы батыл да қайырлы қадамдардың бірі болды. Елбасының бұл игі қадамын халықаралық қауымдастық қуана қабылдады. Жарлыққа қол қойылған 29 тамыз – Дүниежүзілік ядролық қаруға қарсы іс-қимыл күні ретінде аталып келеді. Күн-түн қатып атқарған табанды еңбегінің нәтижесінде Қазақстан Орталық Азияның аймақтық көшбасшысы, сыртқы саясатта ақылшы-көнеңсілі ретінде танылды.

Күні кеше ғана «Егемен Қазақстанда» жарияланған «Тарихи тұлға тағылымы» атты мақаласында өзі зор сенім білдірген бүгінгі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Елбасының тәуелсіз Қазақстан мемлекетін құру жолындағы өлшеусіз еңбегін жан-жақты саралап берді.

Аталмыш мақаласын Мемлекет басшысы «Елбасы – еліміздің негізін қалаушы, елдігіміздің символы, тәуелсіз Қазақстанның төл тарихының бастауында тұрған тұғырлы тұлға! Қазақ елі қарымды қайраткерге үнемі құрмет көрсетіп келеді. Сексеннің сенігіне серек жеткен саясаткердің ел мен жер алдындағы ұшан-теңіз еңбегі – ұрпаққа үлгі, башпаға өнеге! Тәуелсіздіктің бастауындағы ұйқысыз түндер мен тынымсыз күндердегі атқарылған істерді кейінгі буын келешекте әлі талай рет зерделейді, әділ бағасын береді.

Нұрсұлтан Назарбаевтың бар ғұмыры тәуелсіздіктің елең-алаңынан бастап бүгінге дейін Қазақ мемлекетін нығайту ісімен біте қайнасып келеді. Шетелдіктер оны заманауи Қазақстанның негізін қалаушы және көшбасшысы ретінде жақсы біледі, сыйлайды. Тұңғыш Президентіміздің мемлекет қайраткері ретіндегі қарым-қабілеті талассыз мойындалған. Мен Елбасымызбен шетелдіктер арасындағы көптеген халықаралық кездесулер мен конгрессдердің куәсі болғандықтан, осыны зор жауапкершілікпен айтуға хақым бар деп ойлаймын. Ол – шын мәнінде жаһан жұртына кең танымал, халықаралық қауымдастықта айрықша беделді, әлемдік деңгейдегі саясат сардары. Елбасы бұл биікке қажырлы еңбегімен, парасат-пайымымен, маңдай терімен жетті.

Ендеше, біз ескеден ұрпақты барша жұрт мақтан тұтатын тарихи тұлғаның тағылымы арқылы тәрбиелеуіміз керек» деп түйіндепті.

Тарихты тұлға жасайды. Тұлға бағыт беріші, бастаушы, көшбасшы. Өкінішке орай, біздің тарихымызда ұрпақты тұлға тағылымы арқылы тәрбиелеуді ұмыт қалдырған кез де болған.

Осындайда қазақтың көрнекті жазушысы, этнограф-ғалым Ақселеу Сейдімбектің «Біз бесжылдықтар тарихын жазып келдік. Ал тарихты тұлға арқылы зерттеуді қаперімізге де алмай, адасып жүрдік» дегені еске түседі. Ақаң ғылымға осы концепцияны батыл енгізіп еді. Шынында да, біз өз тұлғаларымызды терең тану жолында көп қателіктерге жол беріп, күні кешеге дейін тарихымызды өзгелер жазып келген ел едік. Тәуелсіздік таңы атқалы бері осы бағытта үлкен бетбұрыс жасалды. Тарихымызды түгендеп, барымызды бүтіндей бастадық. Ендігі жерде тәуелсіздік тарихының бастауында тұрған басты кейіпкер Елбасы екеніне ешқандай шүбә жоқ. Елбасы болмысын терең зерттеу арқылы тәуелсіздік туралы түсінігіміз де тереңдей түспекші.

Елбасы жолы – жасампаздық жолы. Елбасы жолы рухқа, күреске толы өнеге жолы. Өмір мектебі. Біз сол мектептің түлектеріміз. Сол мектептен тағылым түйдік, сабақ алдық. Біз Нұрсұлтан Әбішұлына қарап ойымызды түзеп, бойымызды тіктідік. Бізді елге, ұлтқа, халыққа қызмет етіндер, бұл сендердің қолдарыңнан келеді деп үлкен сенім артып, ақ жол тілеп тұрып, үлкен бәйгеге қосып, тәрбиелеген, шыңдағанда Елбасы! Сол сенімге селкеу түсіріп алмай, алда, абыройлы еңбек етіп жүріміз деп ойлаймын.

Елі сүйген, елін сүйген Елбасы қандай қиын кезең тұсында да халқымен бірге

Жалғасы 15-бетте.

ТҰЛҒАТАНУ



ҰЛТ ҰСТЫНЫ

болып, ұлт арманын асқақтату жолында бар күш-жігерін жұмсап келеді. Оның бойындағы елді, жерді сүю, қиындықты қаусырып, тығырықтан жола тауып кететін қасиеті біздің әрқайсысымызға ерен үлгі.

Мемлекеттік қызмет елге қызмет ету, ұлт жұмысына жегілу. Елбасы біздің бойымызға осы ұлы ұстанымды ана сүтіндей сіңірді. Жастығымызға қарамай аса жауапты қызмет баспалдақтарынан өткізіп, тәуелсіздік тұсында мемлекеттік қызмет саласында талай бұлақтың көзін ашып, қатарға қосты. Мемлекеттік ар-намыс кодексінің аясына сыймайтын ізгі қасиеттерді ігеруге ұмтылдырды. Нұрсұлтан Әбішұлы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында алдымызға «интеллектуалды ұлт» мәселесін қойды. Сөз жоқ, қоғамды кемелдендіретін де, мемлекет мәртебесін көтеретін де қай салада болмасын дарынды адамдар. Мемлекет сол адамдардың бар ақыл-ойын, қабілетін саналы түрде реттеп отыруы керек. Осы талап тұрғысынан келіп тәпсірлейтін болсақ, осы уақыт ішінде басқасын былай қойғанда, мемлекеттік жүйеде де талантты буын шоғыры қалыптасып, қайраткерлік деңгейге көтеріліп, елге танылып, Елбасының сенімді серігіне айнады.

Егер бейнелі сөзге сүйенсек, Елбасы жолы тәуелсіздіктің сан тарау соқпақтарын, тар жол, тайғақ кешулерін тапқыр тәсілдермен, терең талдаулармен, биік ұғымдармен ұлықтап, бедерлеп шыққан алып кітап тәртізді. Әлі есімінен кетпейді, Нұрсұлтан Әбішұлы осыдан біраз жылдар бұрын егемендіктің елең-алаң тұсында дәстүрлі басылымдар басшыларымен кездесуінде «Біз тәуелсіздікті жыл сайын, ай сайын емес, тіпті күн сайын, сағат сайын қорғауымыз керек» деп еді. Бұл пікірдің әлі де маңыздылығын, өткірлігін бүгінгі мазасыз, беймаза уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Демек, тәуелсіздікпен қоса қабат өрілген, тұлға тағдыры тұнып тұрған өмір жолына негізделген алып кітапты оқыған, зерделеген адам осынау қасиетті, тағдыр шешті ұғымның қадіріне одан әрмен жете түсері сөзсіз. Біз сонда ғана елтану мен тұлғатанудың қыры мен сырына терең қаныға түсеріміз хақ.

Көп оқу, іргелі ізденістің кісіні кемелдікке жеткізетіні ақиқат. Осы ой тұрғысынан қарағанда, осынау отыз жыл уақытта қазіргі заманғы жана мемлекет құру пешенесіне жазылып, ел мүддесі мен мұраты жолында талай мәрте «тәуекел түбі жет қайық, өтесін де кетесін» деп батыл шешімдер қабылдап, жанын шүберекке түйіп, жанкешті ғұмыр кешкен Елбасының бойындағы парасат-пайым, білім-білік,

кісілік пен кішілік арнайы оқулықтың алтын арқауы. Тәңірі талантты етіп жаратқан адам сан қырлы, тағдырлы келеді. «Ханда қырық кісінің ақылы бар» демекші, ел басқарған кісінің бойынан сан қырлы қасиеттің табылуы да халқы үшін екі есе бақыт. Француздың әйгілі философы Дидро «Елімді бақытты ету үшін философия болдым» деген екен. Халқының бағына туған Нұрсұлтан Әбішұлының да көп зияткерлік қырының бірі оның руханиятқа жақындығын қызмет барысында терең сезіндім деуге болады. Экономиканың, саясаттың асқан білгірі зиялылармен

сапаршылаған сайын жәй кісінің өзінің де тұлға бойын бір әсершіл сезім баурап алатыны бар. Сондайда осы күре жолдың бойымен Ұзынағаш пен Алматының ортасын жол қылып, ұлы Жамбыл әкем астындағы атын тебініп қойып, тепендеп сан мәрте жүрген болар-ау деп, «ғасыр Гомері» (М.Горький) туралы ойлауыңыз әбден мүмкін. Оның ар жағында «Жетісу ақындарының алтын дінгегі» саф сары алтын Сүйінбай жатыр. Ұзынағашқа кіреберістегі «ақындар мен батырлар елі» деген ардақты сөзден кейін бұл ойымызды соза берудің де керегі жоқ. Ал енді ел

Алматы – ісі қазақтың қаласы. Мұнда кешегі Алаш ардақтарының табанының ізі қалған. «Мәдениет министрлігі Астанаға көшкенімен мәдениет Алматыда қалып қойды» деп Әбіш ағамыз айтқандай, Алматы ұлт қаймағының, яғни элитасының, ұлттың байырғы интеллигенциясының мекені. Міне, осы бір әр тасы тарих, қасиет тұнған киелі жерге өзі зор сенім білдіріп әкім болып келгенде Елбасының сол өзгеден алабөтен қасиеті санамда қайта жаңғырып, қызметтік кездесуіміздің алғашқы күндерін Жазушылар одағынан бастауымның сыры да түсінікті болса керек. Айта берсек, Елбасы өмірінен түсінген терең тағылымды бір мақалаға сыйғызып айту мүмкін де емес.

кездесу барысында ұлттық құндылықтар, рухани, мәдени, тарихи тек тұрасында терең толғанысқа баратынының талай мәрте куәсі болдым.

Елбасының бос уақытын кітап оқуға арнайтынын, тіпті, ресми іс-сапарлармен ұшақта ұшып бара жатып та қолынан кітап тастамайтынын білемін. Мен өзімнің кітапқұмарлығымды осы жағдаймен байланыстырсам, артық емес шығар деп ойлаймын. Қарбалас тірліктің арасынан уақыт тауып, көңілді, кеудені кірлетіп алмау үшін түрлі кітап оқуға ден қоямын. Бұл кісінің домбыра шертетіні де жандүниесінің сыршылдығын білдіреді. Біздің де ән салмасак та кейде қолымызға осы бір киелі аспапты алып, аздап шеретініміз бар. Күмбірлеген күй де, саз да кейде өзіме күш-қуат беретінін сеземін. Оның төңірегіндегі үлкен-кішіні бірдей құлдіріп, көңілдерін көтеріп отыратын әзілқойлығының өзі біз секілді ізінен келе жатқан інілеріне жігер сыйлайтындай. Кейіннен ойлап қарасам, осынау алтын сағалар мен соқпақтардың бастауы оның өмір жолында сайрап жатыр екен ғой.

Алматының іргесіндегі Ұзынағашқа сан мәрте барған боларсыз. Осы аймаққа

Бауыржан ағамыз айтпақшы, Елбасының өмір жолынан түйген осы бір тағылымының талай мәрте көл-көсір пайдасы тигенін де айту парыз.

Осынау зымыран жылдар ішінде Елбасының дана басшылығымен Алаш баласының асқақ армандары рет-ретімен жүзеге асып келеді. Абылай бабамыз армандаған қала салу ісін кемел биігіне жеткізді. Сонау бір сұрапыл күндерде тәуекелге барып Сарыарқаның төсінен, жапан дүз бен кең даланы жаңғыртып тәуелсіз елдің астанасын салды. Бұл шаһардың ғимараттары көк тіреді. Дабысы, атак-даңқы жер жарды. Бұл ел болашағын болжаған, көрген геосаясаттың көрінісі болғанын уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Бүгінде Нұр-Сұлтан шаһарының әлем алдындағы абыройы асқақтап тұр.

Иә, Нұр-Сұлтан бүгінде әлемдегі ең заманауи, урбанизацияланған қалалардың бірі саналады. Тіпті, посткеңестік ауқымда сәулет пен сән жөнінен оған теңесер қала жоқ деген пікірлер де бар. Дегенмен, халық арасында ару Алматының культі сол баяғы қалпында қалды. Дәйтұрғанмен де, ол Алматы мен Астанаға екі көздің қарашындай ата-анай елжіреп қарады. Кезінде Елбасының Елордаға көшер кезде «Алматыға сыймай емес, Алматыны қимай кетіп барамыз» дегені әлі күнге есімізде. Алматы – қашан да Алматы. Ол ел тәуелсіздігінің алтын бесігі болды. Тәуелсіздік туралы Декларация осы қалада қабылданды. Нұрсұлтан Әбішұлы руханияты биік, мәдениеті мен өнері астақан Алматыға әрдайым ерекше қамқор болып, айрықша көңіл бөліп жүреді. Сондықтан да ару Алматы өз биігінен аласарған емес. Қазіргі Алматы Орта Азиядағы ең ірі қала болып саналады.

Алматы – ісі қазақтың қаласы. Мұнда кешегі Алаш ардақтарының табанының ізі қалған. «Мәдениет министрлігі Астанаға көшкенімен мәдениет Алматыда қалып қойды» деп Әбіш ағамыз айтқандай, Алматы ұлт қаймағының, яғни элитасының, ұлттың байырғы интеллигенциясының мекені. Міне, осы бір әр тасы тарих, қасиет тұнған киелі жерге өзі зор сенім білдіріп әкім болып келгенде Елбасының сол өзгеден алабөтен қасиеті санамда қайта жаңғырып, қызметтік кездесуіміздің алғашқы күндерін Жазушылар одағынан бастауымның сыры да түсінікті болса керек. Айта берсек, Елбасы өмірінен түсінген терең тағылымды бір мақалаға сыйғызып айту мүмкін де емес. Ел өмірінде ізгілік ізін қалдырып, аты аңызға айналған қандай тұлғаның тағдыры болсын қарама қайшылықтардан, тартыстардан тұрған. Ал ондай тұлғалық биікке жеткізетін де ең алдымен намысың, жігерің, парасат-пайымың, білім-білігің. Өзін зиялы, зипа санайтын адам ең алдымен өз елінің тарихын, жүріп өткен жолын жетік білуі тиіс. Ұлт ұстазы Абай айтатын «Толық адам» идеясының бір қыры да осында жатыр. Осының бәрі Нұрсұлтан Әбішұлының өзі айтқандай, «кешешуші ұлттық фактор – еңбек» арқылы ғана келмек. «Еңбек сені адам ретінде қалыптастырады, сенің мінезінді шыңдайды, сенің дүниеге көзқарасыңды орнықтырады» деуі оның өмір жолына алтын желі болып тартылды. Біз Елбасыдан еңбек ету арқылы өз бойымыздағы кемшіліктерді, әлеуметтік инфантилизмді жоюға, өз халқыңды шексіз сүюге болатынын үйрендік. Осы қағидамыз берік ұстанған жағдайда ғана адамгершілікке, кісілік пен кішілікке негізделген парасат формуласының да өз өзінен шешімін табатынына әрдайым куә болып келеміз. Осы ұстаныммен қаруланып, кілең жеңістерден тұрмайтын өмірдің бұралан өткелдерін күрескерлікпен бағындырған адам ғана ұлт ұстынына айналатынына Елбасының тәуелсіздік жылдарында көз алдымызда өткен сұрапылға, арпалысқа толы күндері куә.

Ұстын – тарихта теңдесі жоқ қызмет еткен тұлғаларға берілетін биік баға. Ондай тұлғалар біздің тарихымызда аз да емес, көп те емес. Соның бірі де бірегейі, дәуір дауылпазы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Сонау ел тағдыры сынға түскен сұрапыл жылдарда тарих сахнасына жарқ етіп Нұрсұлтан Әбішұлы көтерілмегенде бүгінгі елакетат тірлігіміздің өзін көз алдымызға елестету егітпалей еді. Арлан біреу, қасқыр көп. Сол тұста ғой ұлы Шер-ағаның да «Елбасы біреу, қалғанымыз оған тіреу болуымыз керек» деп күндей күркіреп айтқан тәмсілінің де тұғырға көтерілгені.

Ұлт ұстыны әлі де сол тұғырында. Бұл тұғырдың уақыт озған сайын ұлықталып, биіктей беретіні кәміл.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ЕЛБАСЫ

Дональд ТРАМП, Америка Құрама Штаттарының Президенті

Мен Президент мырзаға ЭКСПО–2017 арқылы энергетикалық қауіпсіздік мәселелері бойынша жаһандық үнатысуды ілгерілетудегі көрегендігі мен көшбасшылығы үшін ризашылығымды білдіремін. Өзара құрмет пен ортақ мүдделерге негізделген АҚШ пен Қазақстан арасындағы стратегиялық әріптестіктің әрі қарай нығая түсетініне үміттенемін.

Си Цзиньпин, Қытай Халық Республикасының Төрағасы

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың арқасында біздің



ӨЗ ЗАМАНЫНЫҢ АСА КӨРНЕКТИ ТҰЛҒАСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ ЖҰРТЫНЫҢ АҚСАҚАЛЫ



елдеріміздің арасында әріптестіктің мықты іргетасы қаланған. Президент Назарбаев елдеріміздің достығын нығайту үшін қаншама жыл аянбай еңбек етті. Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынасты дамытуға зор үлес қосқан Нұрсұлтан Назарбаевты Қытай елі жақсы біледі және аса құрметтейді.

Владимир ПУТИН, Ресей Федерациясының Президенті

Нұрсұлтан Әбішұлы — саясатта көптен, Кеңес дәуірінен келе жатқан тұлға. Мені қатты таңғалдыратыны — оның заман тынысын тап басып танитыны. Бұл қасиет — бүгінгі әлемді дөп басып сезіне алатын қасиет оған қайдан дарыған?.. Ол адал да әділ. Бір мәселелерді талқылағанда, әрдайым қатардағы адамдарға бұл қалай тиеді деп ойлап тұрады.

Реджеп Тайып ЭРДОҒАН, Түрік Республикасының Президенті

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев — өз заманының аса көрнекті



тұлғасы және түркі жұртының ақсақалы. Нұрсұлтан Назарбаевтың түркі әлеміндегі беделі биік. Оның барша түркі халықтарының басын біріктіріп, бауырлас түрік елімен қарым-қатынасты нығайтуға сіңірген ерен еңбегін атап өтпеуге болмайды.

Пан Ги МУН, БҰҰ бас хатшысы (2007–2016 ж.ж.)

Сіз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ядролық қарудан өз еркімен бас тарту туралы өте дұрыс әрі көрегенді шешім қабылдадыңыз, сондай-ақ Орталық Азияда ядролық қарудан азат аймақты құру бастамасын ілгерілетуге ықпал еттіңіз. Сіз Непал және Ирактағы БҰҰ-ның бейбіт мақсаттарына жәрдемдесуге қызметкерлеріңізді ұсынып, БҰҰ-ның бағдарламалары мен қорларға материалдық көмек көрсетіп отырсыз.

Маргарет ТЭТЧЕР, Ұлыбритания Премьер- министрі (1979-1990 ж.ж.)

Қазір жаһандық саясатта 5-6 ірі және ықпалды саясаткер бар. Солардың бірі — Нұрсұлтан Назарбаев. Мен оған сенемін және оның барлық бастамаларын қолдаймын.

ӨМІР-ӨНЕГЕ

ЕЛБАСЫ АЛҒАШ 5 ЖАСЫНДА АТҚА МІНГЕН

- Нұрсұлтан Назарбаев туған кезде 5 келі болыпты және ол бала кезінде ұшқыш болуды армандаған.
- Оның мектептен алған аттестатында бір пәннен 4 алыпты. Мектепті бітіргеннен кейін химик болуды жоспарлапты.
- Ол Днепродзержинскіде оқып жүрген кезінде күрестен Украинаның спорт шебері атанған.
- Есімін Құрандағы екі есімді біріктіріп, әжесі қойған.
- Нұрсұлтан Назарбаев жоғары оқу орнының сынағынан өте алмай қалып, банкте 2 ай қарауыл болып қызмет істеген.
- 1997 жылдан бері Персеус RA 3h 23v Osd 40*43 нөмірлі жұлдызы Елбасының атында.
- Нұрсұлтан Назарбаев әлемдегі әзірге 10-ақ адамға берілген алтыннан да қымбат бағаланатын ниобийден медаль таққан.
- Нұрсұлтан Назарбаевтың әкесі Әбіш – бидің ұрпағы. Қазақ, орыс және балқар тілдерін жетік білген.
- Анасы Әлжан қазіргі Қордай ауданы, Қасық ауылындағы молданың қызы болған.
- Нұрсұлтан Назарбаев 1995 жылы Абайдың 150 жылдығына орай өмірінде алғаш рет Абай шыңына (4010 м.) шықты.
- Президент 1996–2005 жылдар аралығындағы ең ауыр сынағы – 9 жыл бойы көршілермен делимитация жұмысын жүргізіп, тыныш аяқтады.
- Елбасы бала кезінен жеміс ағаштарын будандастыруды үйреніп, Алматының колхоз базарына алма-алмұрт әкеп сатқан.
- Нұрсұлтан Назарбаев алғаш 5 жасында атқа мінген, 55 жасында тау шаңғысына тұрған.
- Президентіміз 1995 жылы үлкен теннисті үйреніп бастады, ал 1996 жылдан бері гольф ойнайды.
- Елбасының 12 атасы: Әбіш, Назарбай, Еділ, Кембаба, Мырзатай, Айдар, Көшек, Қарасай, Алтынай, Есқожа, Малды-Ыстық, Шапырашты.
- Нұрсұлтан Назарбаевтың атасы би Назарбайдың 1880 жылдары су диірмені және оған тартылған 214 метрлік арығы болған.
- Нұрсұлтан Назарбаев атында Иорданияда, Түркияда және Шешенстанда көшелер аталған.
- Елбасы саяси мемуарлар оқуды ұнатады. Ш.Голль, М.Ататүрік, У.Черчилль өмірлерін түп-тұқиянына дейін зерттеген.
- Тек 1991 мен 2006 жылдар аралығында Президенттің өз атымен 12 кітабы жарыққа шыққан.



ТҰЛҒАТАНУ



Қазақстанның талай «тар жол, тайғақ кешуден» өтіп, егемен ел атанғанын, әлем елдерімен терезесі тең болу жолында қиын-қыстау кезеңдерді бастан өткергені ақиқат. Сол бір күрделі шақтарда Еуразия кіндігінде ұлт пен ұлысты сүттей ұйыта білген Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ерен еңбек атқарғаны өзіміз тұрмақ, күллі жаһанға мәлім.

Елбасының 80 жылдық мерейтойы қарсаңында біз театр және кино актеры, КСРО-ның және Қазақстанның Халық артисі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімовпен Нұрсұлтан Назарбаевтың тәуелсіз елдің төл тарихын жасаудағы қолтаңбасы және өмір жолы хақында әңгімелескен едік.

КІСІЛІК пен КІШІЛІК

Нұржамал ӘЛШЕВА

«ЖАСТЫҚТА БІР КҮЛГЕНІҢ – БІР ҚАРАЛЫҚ»

– Асанәлі аға, әңгімемізді Нұрсұлтан Әбішұлымен ең алғаш жүздескен сәттіңізден бастасaq...

– Сонау 1972 жылдары Грузияның киноделегациясын басқарып, Қарағандыға жол тарттық. Біздің делегацияның жолбастаушылығына Нұрсұлтан бекітілген екен. Теміртауда төрт-бес күндей болдық. Өнерсүйер қауыммен кездестік. Нұрсұлтан-ның менен үш жас кішілігі бар. Сол кезде аға, Асеке деп құрмет көрсетіп жүргені есімде. Кеншілер қаласындағы партия-комсомол жұмыстарында жауапты қызметтер атқарып жүрген кезі болса керек. Бірақ қолбасшылық, лидерлік қабілеті сол кезде-ақ байқалып тұрды.

Сөздері сергек, жұп-жұмыр. Әңгіме кезінде әр саладан да хабары бары байқалады. Өнер тақырыбында да өзіндік ойлары барында. Еркін. Шираққимылдайды. Өте көңілді жігіт. Жанып тұр. Өзіл-қалжыңнан да қаражая емес екен, онысын орныммен қолдана біледі. Адам жатырқамайды. Бойында қазақы бауырмалдық байқалады. Сөйтіп, бір көргеннен-ақ тіл табысып кеттік. Бәріміз естелік суретке түстік. Олар бізден қолтаңба алып жатты.

Теміртаудың шет жағында жасанды көл бар екен, меймандарды сонда апарды. Бір-бірімізді бұрыннан танытындай емен-жарқын араласып, бәріміз сұға түстік. Кен-молынан жайылған дастарханнан да дом таттық. Бұл – Нұрсұлтанмен ең алғашқы кездесуім екен.

Содан екі-үш жылдан кейін Теміртау қаласына тағы жолым түсті. Қарағанды театрының артистері бар, астанадан гастрольдік сапармен барған біз бар, тағы бір үлкен өнер кеші өтті. Жастық дегеніңізді өз бір әлемі шак қой, жастыққа бәрі жарасымды. «Жастықта бір күлгенің – бір қаралық» деуші ме еді. Спектакльден соң ұйымдастырылған банкетте шарапқа аздап қызып алғанымыз бар, жігіттер жағы «Нұрсұлтаннның үйіне тартып кетсек қайтеді?!» дедік. Ұмытпасам, аздап жаңбыр себелен тұрды ғой деймін. Сөйтіп, көп ұзамай Нұрсұлтаннның есігін қағып тұрдық. Шағын ғана жер үй. Есікті Нұрсұлтаннның өзі ашты. Бейнебір күнде жүздесіп жүрген достардай құшағын да аша кетті. Менің осы күнге

дейін есімде жоқ, сонда Сара Алпысқызы болды ма, болмады ма, ұмыттым. Арада қанша жыл өтті ғой енді. Есімде жоқтығына қарағанда, Сара ол кезде болмаған сияқты. Бұл – Нұрсұлтанмен екінші кездесуім.

Содан кейін ол асқан жылдамдықпен бірден биікке көтеріліп кете барды. Теміртаудан облыс орталығына – Қарағандыға кетті, одан Алматыға келді. Бертінде, ел басқарып жүрген тұста бір жолыққанымызда, өзінің сұрағаны бар: «Асеке, Теміртаудағы баяғы сапарыңыз есіңізде ме?», – деп. «Әрине, есімде болмағанда! Жастық шак әсте ұмытылар ма?!» деп, кейінгі тағы бір жүздесуде сол кездегі түскен суреттерімізді де әкеліп бергенім бар.

Одан бері арада қаншама жылдар өтті. Уақыт өзгерді. Бірақ біз өзгерген жоқпыз. Міне, 80-ге келіп жатыр. Өте әдемі жас дер едім. Өйткені, өзім де осы жастың дәмін татып отырған адаммын. Сексеннің сеңгірінен өтіп, тоқсанның толағай биігін бағындырып, жүзге жетсін деген тілек айтамын.

«КӨҢІЛ КӨҢІЛДЕН СУ ІШЕДІ»

– Сексеніңізде кеудеңізге Еңбек Ері деген медальды Елбасының өз қолымен таққанын барша қазақстандық біледі. Осы күннің мерейлі сәттері туралы да әңгімелей отырсаңыз?

– Иә, Нұрекеннің маған 80 жасымда Еңбек Ері атағын өз қолымен табыстап тұрып, мәртебемді тағы бір биіктетіп тастағаны бар. Алқалы ресми жиыннан соң өзінің шәй ішетін бөлмесіне шақырып, екеуіміздің емін-еркін шүйіркелесіп әңгімелесуімізге, жақсы сәттерді еске алуға, руханият, өнер тақырыбын қазуға тағы бір мүмкіндік туды. Нұрекен қай тақырыпта болмасын, ағытылып сала берді ғой, жан-жақты. Біз Елбасы мен Халық артисі ретінде емес, күнделікті өмірдегі аға мен іні ретінде, бауырмалдық тұрғыда әңгіме-дүкен құрдық. Бір кезде:

– Кішкентай Асанәлі қалай? Осында келді ме? – деп сұрады.

– Асекам жақсы, менің жанымды тербетіп, күнде қуанышқа бөлеп, шапқылап жүр. Олар осында, – дей бергенім сол еді, дереу көмекшілерін шақыртып:

– Осында келсін, бізбен отырсын. Қазір алдыртайын, – деп елпілдеп қалды. Міне, кісілік пен кішілік!

Екеуіміз түстеніп болған соң, кабинетіне өтіп келе жатқанымызда, қабылдау бөлмесі

жағынан Бағдат пен Асекам кіріп келе жатты. Елбасы Ақордадағы еңселі кабинетіне осылай шақыра қояды деп Бағдаттың да күтпегені көрініп тұр, бірақ тосылған жоқ, қазақтың жолымен іліп сәлем салды. Сосын Нұрекен Бағдатқа:

– Бақытты бол! Маған сәлем салмасаң да болады, сен бүкіл қазақтың жеңгесің. Асекенді сақта, жақсылап күт. Бұл кісілердің жасы ұзақ болуы тиіс, олар халыққа керек, – деп ағалық іліпатын білдірді.

Асекам да қарап тұрмады, өзі сүйіп оқитын әке туралы өлеңі бар еді, соны нақышына келтіріп төгілте жөнелді. Бұрын да естіп жүрген өлең жолдарым менің де, Елбасының да жүрегім толқытты білем, бірден іздегендей жан-жағына сәл қарап тұрды да, жазу үстелінде жатқан өзінің алтын сапты қаламын ұлыма ұсынды. Қазақтың осындай бір әдемі салты қандай жақсы! Кішкентай баланы да патшасындай көретін, үйінен құр қол, сый-сыралғысыз қайтармайтын дәстүр менің Асекамдай қазақтың қаншама баласының мерейін өсіріп, жолына шамшырақ болып, шарапаты тиіп жатыр десенші.

Соншалықты жұмысбасты бола тұрып, елдік дәрежедегі қаншама ісі күтіп тұрса да, бізді Ақорда ішінде лифтіге шейін өзі шығарып салды. Біз төмен түсіп кеткенше қарап тұрды.

«Көңіл көңілден су ішеді» деген, Нұрекеннің тарапынан бұрынғыдан да өткен бір жылылықты, құрметті сезіндім сол сәт.

– Осындай қарапайымдылықты, кішілікті қазіргі, кейінгі буындағы билік өкілдерінен де көріп жүрген боларсыз?

– Жасыратыны жоқ, қазіргі кейбір бюрократ шенеуніктерді де көріп жүрміз. Келген шаруанды бастан-аяқ тыңдаған болып бас шұлғып, үздені үйіп-төгіп, одан сол шіренген күйі, жұмсақ креслосынан бір сәт көтеріліп, саған шығарып салу ишаратын көрсетуге де жарамайтындар бар. Ондайлардың білімі таяз, көргені аз, түйгені жоқ біреулер болып шығады. Ондайлар көпке ұяй алмайды. «Өмір – теңіз, жүзем онда деуменіз, ізгіліктен жасалмаса кемейіз» дейді. Мұндайда «Бір кем дүние» демеске лажаң жоқ.

АҚЫЛДЫ АДАМ ҒАНА ТҮСІНЕДІ

– Асанәлі аға, Елбасымен ресми форматта тілдесесіз бе, әлде қалай?

– Мен, шыны керек, жалпылама мақтау,

көтермелеп айту дегенге о бастан жоқ адаммын. Мәселен, мына өзіме кейбір адамдар «сіздей адам болған жоқ, болмақта емес» деп мақтап ала жөнелсе, үлкен басыммен өзім ыңғайсызданып қаламын. Ол – өтірік мақтау, көлгірсе, жағынудың белгісі. Ондай адам былай шыға бере басқаша айтуы мүмкін. Ондай адамды мен тіпті қауіпті дер едім. Нұрекен, әрине, мақтансыз болып жүрген жоқ қой. Бірақ мен оның адамшылығын, адамгершілігін, қарапайымдылығын, жақсы адам екендігін айтып отырмын шын көңілмен. Жақсылығын айтып отырмын. Еткен еңбегінің рәтін көрсін. Халыққа, еліме болсын деп келе жатқан пейілі, қызметі адал деп білемін.

Мен оны көрген жерде ресми тілде Нұрсұлтан Әбішұлы деп жатпаймын. Жасының кішілігін пайдаланып Нұрсұлтан деймін. Ол менің оны бауырыма тартып жақсы көргенім. Оған деген ізгілікке толы ағалық риясыз ықыласымды жоғалттып алғым келмейді. Менің бұлтысыз бұл көңілді ол жақсы түсінеді. Ақылды адам ғана түсінеді мұндай қарым-қатынасты. Астана бір үлкен жиналыста отыр едік. Төртінші қатардамын. Өдеттегідей жан-жағын қоршап алған қалың адам. Мен төртінші қатардан:

– Нұреке! – деп дауыстадым өзімсінген пейілмен. Даусым шыққан жаққа жалт қарады.

– Хал-жағдай сұрасуға сізге қолымыз жетпей тұр, – деп едім, ұзын қатарды айналып келіп жанымызға аялдап, амаңдасып, шүйіркелесіп қалдық. Өдеттегідей әдемі әзілдерін ұмытпай, қалжыңдасып жатыр. Ол қай жерге бармасын, қай жерде тұрмасын, сол аураны тез меңгеріп ала кететін, сол ортаға, сол сәттегі оқиғаға тез кірігіп кететін ерекше бір жаратылыс иесі ғой.

Иә, мен Нұрсұлтаннның адамға деген ашықтығын, қазақы қарым-қатынасын бағалаймын. Өкшемізді басып келе жатқан Нұрекен айналайын, дені сау болсын!

Біз өмірде, адам ретінде де денгейлесіп деп ойлаймын. Басшылық қызмет ол өз алдына. Оның, менің өз жолымыз бар. Қай-қайсымыз да өз ісімізді шегіне жеткізсек, сол – бақыт, сол – қазақ тарихына, елге қосқан үлесіміз.

– Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстанның мемлекет ретінде даму жолында ұстанған саясатын қалай бағалайсыз?

– Нұрекеннің Тәуелсіз Қазақстанның тарихына қосып келе жатқан еңбегі өте зор. Сөзсіз мықты дипломат. Өйтпесе, осындай

ТҰЛҒАТАНУ

дәрежеге жетер ме еді! Жетер ме еді! «Дәуір алмасып жатқанда өмір сүрме» деген тәмсіл бар екен қытай халқында. Бірақ сан рет қирап, сан рет бой түзген қазақ деген ұлттың бүгінгі ұрпағының өмірі заман өзгеріп жатқан кезеңге тұспа-тұс келді. Сөйтіп, көз алдымызда қоғам да, заман да өзгеріп шыға келді. Ел есін жиып, еңсесін көтерді. Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті көш түзеді. Көшті кешегі Қарағанды металлургия комбинатының домна пешінде шыныққан құрыштай мінезімен Нұрбек бастады. Билік басындағы талай жасты соңынан ертіп, белін буып, бәйгеге қосты.



«Жылы орынды суытып, қысы қытыр, адам тұратындай жағдайы жоқ Ақмолаға көшудің қаншалықты қажеті бар?» дегендер де аз болған жоқ. Бірақ ол заманның сол бір тар шағында астананы ауыстыру сынды нағыз тәуекелді қадам жасай білді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарының түрлі қауіп-қатерге толы болғаны рас. Тіпті, іргесі толық бекімеген, ықпалды көршілермен шекара дауын түбегейлі шешіп үлгермеген жағдайы шынында да алаңдатарлық ахуал еді. Оның үстіне қазақ даласының солтүстіктегі облыстарына ықпалы заманнан бері орыстану қатері төніп тұрды. Сол солтүстік өңірден Нұр-Сұлтан сияқты мегаполис құрудың арқасында қазір ондай қауіп сейілді. Астанамен бірге солтүстік Арқаға қазақы рух жетті. Еліміздің астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы бүгінде әлемдегі ең заманауи қалалардың біріне айналды. Расында да Елорданың сәулеті бұрынғы Кеңестер Одағы аймағындағы шаһарлардың бірі-біріне ұқсамайды. Әр ғимараттың өзіндік үйренгі ойы, архитектуралық тұжырымы бар.

Бірақ менің жаным Алматым жақын. Алматы – қашан да Алматы! Біз Алматыға «деревний» кезінде келдік қой, 17-18 жасымызда. Кей-кейде сол тұстағы Алматыны сағынамын, алмасын сағынамын. Сол кездегі ауасын сағынамын. Өнердің арқасында талай жерді, талай мемлекетті шарладық, бірақ Алматыма жеткенше асығып тұратынмын. Бұл қала әлі күнге менің бүкіл саналы ғұмырымадағы ең бір аяулы шақтарымның куәсі болып келеді.

СҮРЛЕУ ЖОЛҒА МЫЦНАН БІРІ ҒАНА ТҮСЕДІ

– Елбасының өзіңіз белортасында жүрген өнердегі қолтаңбасы қандай?

– Жалпы, өнерге дұрыс қараған адамның өмірінде де үнемі ілгерілеу болады деп білемін. Мен білгенде Нұрбек де өнерге жақсы қараған азамат. Өнердің басқа түрлерін былай қойғанда, театрға жақсы қарады және оның қойылымдарына келіп, көруге де уақыт табатын. Бұл ретте ол кісінің әкемтеатрға, сонымен қатар, облыс театрларына да тікелей өзі тапсырма беріп, ұдайы қамқорлық жасап отырғанын атап айтуға болады.

Мынадай бір мысал айтайын. Астана алғаш ашылып жатқанда бұл кісі қат-қабат шаруалармен қатар театрдың да жағдайын, елорданың рухани даму бағдарын да бағам-

дап отырды. Әлемдік стандарттарға сай келетін Астана-опера театры салынды. Әйгілі Әзірбайжан Мәдиұлы Қалибек Қуанышбаев атындағы театрдың басшылығына шақырып, өзі тікелей бас-көз болды. Сондай-ақ, осы театрға жаңа ғимарат салуға пәрмен берді. Алла бұйырғанда, алдағы күнде оның да құрылысы аяқталып, көрермендерге есігін айқара ашпақ. Ал енді Әзекенің өзінің жарлығымен «Халық қаһарманы» жоғары атағын беруі бұл жалпы қазақ театрына берілген биік баға деп білемін.

Жалпы, қай саланы алсаң да, кездейсоқ келіп қалған адамдар болады, тіпті кейбірі

үлкен атақ-дәрежеге қол жеткізіп жатады. Бірақ оның өнері мен таланты шектеулі. Ал туа бітті дарынды адам өмірге солай келген соң, ол қайда барса да сол саладан академик болып шығады. Кейде айтатыным бар, мысалы, Шәкен Аймановты химия, биология, немесе математика саласына салып кеп жіберсе, бәрібір де одан академик, тұлға шығар еді деп. Нұрбек де сол. Оның сұңғыла саясаткерлігіне, дара дипломаттығына ешкім шүбә келтіре алмас. Көп оқитыны, көп білетіні, домбыра шертіп, әуелете ән салатыны, үлкен теннистің шебері, ат үстінде мығым отырып, еркін шабатыны, бәрі-бәрі туа бітті дарынның, тектіліктің жемісі. Елге, ұлтқа алғашқы қызмет еткісі келетін адам болса, Нұрсұлтандай еңбек етсін дер едім. Алау отты бағындырған қарапайым металлургтен жаһан таниитын лидерге дейін көтерілу – екінші бірінші қолынан келе бермес. Сондықтан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев тарихта мәңгілікке қалатын адам деп есептеймін.

– Дарын деп қалдыңыз, ал дарынды актер қандай болуы керек?

– Адамдардың көбі кең де кедейсіз даңғыл жолмен жүргісі келеді. Ондай адам көп. Ал сұрлеу, бұралаң-бұлттарысы көп жолға мыңнан бірі ғана түседі. Міне, сол адам – дарын. Актерге шыныдық, тазалық, адалдық керек. Ол сол тазалықты, шындықты кішкентай баладан үйренуі қажет. Мысалы, кішкентай ойын баласы құм үстінде отырып қолындағы затты машина етіп ойнайды. Өзі соған сенеді. Актер де бала сияқты қолындағы нәрсесіне шын сенуі керек. Сосын өзгені де сендіруі керек. Өзі шын сенсе, көрермен де сенеді деген сөз.

ЕКЕУДІҢ ОЙҒА ШОМЫП ОТЫРҒАНЫҢ ӨЗІ ӨНЕР

– Ал сол актердың дарынын, жалпы өнерді бағалайтын бүгінгі көрермен таламы қандай?

– Қазір опера мен эстрада таңдауға түссе, опера қажет болмай қалады. Сол сияқты, қазір қай жерге барсаң да, түрлі әзіл-сықақ театрларының концерті жүріп жатады. Тіпті, көрермендері сарайдың есігін сындырып кіретін дәрежеге жетті. Бірақ біздің бүгінгі әзіл-оспақ театрларының өнері «бытовой» деңгейде болып тұр. Халық арзан анекдот айтып күлдіретін шоуымақтарға көп барады, соған күледі.

Телеарналардың бетін бермейтін де солар. Бір ғана Райкиннің (Аркадий – КСРО-ның Халық артисі, конференсье, сатирик – Н.Ә.) 300-ден астам авторы болған. Сондықтан оларға да кейде кінә артқы келмейді-ақ.

Ал драмалық өнердегі мықты актерлардың ойынын сол сарайға қойсаң, онда сен сол алдыңғы бір-екі қатарды ғана толтырасың. Қазір «Қыз Жібекті» кинотеатрға қойып көрші, сәлден соң жастар шығып жүре беруі мүмкін. Бірақ бұл классикалық өнер туындысы алтын қорда мәңгілікке қалды. Қазір шедевр кино жоқ. Бәрінікі ақшаға, табыс табу жолына ұмтылу. Жеке өз алдарына кино түсіре беретін болған. Сосын көрінген нәрсені түсіреді, өнер жоқ, өмір бар. Мысалы, біреу келе жатады, ол дәретханаға кіреді, одан шығады немесе башшықты кешіп келе жатып, соның үстіне құлайды. Болды. Көбіне өмірде болатын сондай келеңсіз жағдайларды көрсетеді.

– Демек, кинода экран таза, әдемі болуы керек дейсіз ғой?

– Кино тартымды, жоғары эстетикалы, талғамды болуы керек.

Мысалы, «Қыз Жібекте» тамақ ішіп отырған суренсіз сахнаны немесе жанағыдай батпақ бірнәрселерді көрдің бе?! Міне, бұл жерде режиссердің, суретшінің, оператордың шеберліктері көрініп тұр, ал жақсы ойнау – актердың міндеті. Осы шығармашылық одақтың жұмыстары бір-бірімен үйлесім тапқанда шедевр туады.

Кинода аяғына шейін жалғасқан қызыл сызық болу керек. Бастауы бар, көтерілетін, түсетін жері бар. Аяғына жеткенше сол сызықтан шықпау керек. Ал қазіргі фильмдердің, әсіресе, сериалдардың не басы, не аяғы жоқ. Кез-келген жерінен көре кетсең де түсіне бересің. Киноны көріп отырып жағымсыз әсер алсаң, ол өнер емес. Ал кино – ең алдымен өнер. Онда сөз аз, «действие» көп болуы керек. Мысалы, екі адам отыр. Екеудің ойға шомып отырғанының өзі өнер.

Мысалы, Қалибек Қуанышбаев «Ақан сері – Ақтоқтыда» Мылқауды ойнады, сол тарихта қалды. Калекен сомдаған Мылқауды мен әлі күнге ұмыта алмаймын. Теңдесі жоқ образ жасады. Қос мұңлықтың трагедиялық халін түсінген Мылқаудың қайғы жұтқан сәтін шебер көрсете білді. Әсіресе, бармағын тістеп «а-а-а» деп ыныранып ірі планда бірер минут тұрып алғанда, көрермен залында да жыламайтын адам қалмайтын. Сонан кейін Ақтоқтыны көтеріп алып, әлдилеп бесік болады. Міне, өнер! Түк сөз жоқ. Бәрін тек ішкі тебіренісімен көрсетіп тұр. Актер арғы жақтағы «подтекстті», ойды ойнады. Өнер деген сол.

АҒА МЕН ІНІ

– Күнделік жазуды тоқтатпаған боларсыз?

– Мүмкіндігіне қарай күнде жазуға тырысамын. Әр адамға өзінің әр күні қымбат. Сол күні не ойланғанды, не мазалағанды, не үшін қуанғанды, тіпті, сол күні ештеңе бітіре қоймасаң да, күн көзінің ашық не жаңбырлы болғанын да жазып қоямын. Өзімнің сыртқа айта алмаған ойларымды сонда түсіремін. Шындықты ғана жазамын. Ол – менің күндерім. Келешек ұрпақ өзіне керекті екішеп алады.

– Асанәлі аға, әңгімеіздің басын Елбасымен бастап едік, Елбасыға деген лебізіңізбен түйіндесек.

– Нұрбекпен сол үлкен атакты – «Қазақстанның Еңбек Ерін» бергеннен кейін жолыққаным жоқ әлі. Айтпақшы, сол Ақордада түстенген кезімізде:

– Асеек, не ішіп жүрсіз? – деп қалжындай сұрады.

– Виски дегенді ішіп жүрмін, – дедім мен де күліп.

– Виски дегеніңіз кейін шықты емес пе, – деді жылы жымиып.

– Біз әйтеуір есебін, ебін тауып жүрміз ғой, – дедім әзілдей. Сосын ол:

– Асеек, естүіңіз бар ма, бүгінгідей біздің жасымызда шарапқа қошу керек екен. Жақсы шараптар бар қазір. Мен сізге бір жәшік шарап беріп жіберейін, – деді.

Мен риясыз ықпалсыз, бір ауыз сөзіне риза болып қалдым.

– Жарайды, рахмет, онда шарапқа көшейік. Сіздің шарабыңыздың жақсы болатыны сөзсіз ендеше, – деп күлдім.

Бүтін бір мемлекетті басқарып отырған адамның қайсыбірі есінде тұрады дейсің. Сол шарап әлі жетпеді маған. Күтіп жүрмін. Әзіл ғой, әрине. Бірақ аға мен іні арасында болатын тағы бір диалогтастың күнінің, актарылу сәтінің келеріне сенемін.

– Әңгімеіңізге рахмет!

Мен оны көрген жерде ресми тілде Нұрсұлтан Әбішұлы деп жатпаймын. Жасының кішілігін пайдаланып Нұрсұлтан деймін. Ол менің оны бауырыма тартып жақсы көргенім. Оған деген ізгілікке толы ағалық риясыз ықыласымды жоғалтып алғым келмейді. Менің бұлтсыз бұл көңілімді ол жақсы түсінеді. Ақылды адам ғана түсінеді мұндай қарым-қатынасты.

Нұрбектің Тәуелсіз Қазақстанның тарихына қосып келе жатқан еңбегі өте зор. Сөзсіз мықты дипломат. Әйтпесе, осындай дәрежеге жетер ме еді! Жетер ме еді! «Дәуір алмасып жатқанда өмір сүрме» деген тәмсіл бар екен қытай халқында. Бірақ сан рет қирап, сан рет бой түзген қазақ деген ұлттың бүгінгі ұрпағының өмірі заман өзгеріп жатқан кезеңге тұспа-тұс келді. Сөйтіп, көз алдымызда қоғам да, заман да өзгеріп шыға келді. Ел есін жиып, еңсесін көтерді. Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті көш түзеді. Көшті кешегі Қарағанды металлургия комбинатының домна пешінде шыныққан құрыштай мінезімен Нұрбек бастады. Билік басындағы талай жасты соңынан ертіп, белін буып, бәйгеге қосты.

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ



АСТАНАҒА ТАРТУ



ТҰРҒЫНДАР ТАҢДАҒАН ЖАЙЛЫ МЕКЕН

Астана күніне орай тартылған сый десе де болады

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алмалы ауданында демалыс орындарын қалпына келтіріп, жаңа демалыс аймақтарын құру жұмыстары белсенді түрде жалғасуда. Бүгінде ауданда 22 сквер, 1 саябақ, 5 бульвар, 1 аллея және 15 жасыл аймақ бар.

Маусым айының басында шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев «Жұмыспен қамтудың Жол картасы» бағдарламасы және «Бюджетке қатысу» жобасы аясында қолға алынған Алмалы ауданындағы қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру жұмыстарының барысымен танысқан болатын.

Бүгінде Алмалы ауданында тұрғындардың өздері таңдаған аймаққа салынған тағы бір сквердің жұмысы аяқталды. «Бюджетке қатысу» жобасы аясында қолға алынған Жамбыл көшесі мен Қожамқұлов көшелерінің қиылысында орналасқан қоғамдық кеңістік Астана күніне орай салтанатты түрде ашылып, халық игілігіне берілгені отыр.

Сквердің абаттандыру жұмысын мердігер компания «Строй индустрия» ЖШС жүргізген. Құрылысқа

жауапты маман Руслан Калиевтің айтуынша, ағымдағы жылдың 24 сәуірінде басталған күрделі жөндеу жұмыстары жоспар бойынша 4 шілдеде аяқталған. 9000 шаршы метрді құрайтын аумақты көріктендіруге 24 528 000 теңге қаражат жұмсалыпты.

Заманауи үлгіге сай бой көтерген сквер жұмысына мердігер компанияның жұмысшылары бар күшін салғаны көрініп тұр. Бұрындары елеусіз жатқан жер аумағы бүгінде маңайы қызыл-жасыл гүлдермен көмкерілген жайлы мекенге айналған. «Аймақтың ең басты ерекшелігі, мұнда 1250 шаршы метрге созылған скейл-борд алаңы бар. Мұндай экстремалды спорт түріне арналған орын қала бойынша әзірге біреу ғана. Сондықтан бұл жер жастардың сүйікті мекеніне айналатыны анық. Алдағы уақытта мұнда мектеп жасындағы балалардан бастап студент-жастарға дейін келетін болады. Бірі самокатпен айналма кедергі арқылы биіктікке секірсек, енді бірі скейден қиын әрі қызықты трюктерді күнұзақ қайталап жаттығатын болады», – дейді жауапты маман.

Бұдан бөлек, скверде 140 шаршы метр жерлі алып жатқан екі спорт кешені бар. Екеуі де заманауи үлгідегі тренажерлермен жабдықталған. Көше жаттығуына арналған воркауд алаңда 40 адамға дейін спортпен шұғылдануға болады.

Кешкі мезгілде самаладай жарық беретін 14 көше шамы (оның сегізі – біркөзді (однорожковый), алтауы – екі көзі бар (двухрожковый)) орнатылыпты. Тұрғындардың әңгіме-дүкен құрып, демалып отыруына ыңғайлы скамейкалар да аймаққа өзінше сән беріп тұр. Аумақты қоғалдандыру мәселесіне де ерекше көңіл бөлген жауапты мамандар сквердің Розыбакиев көшесі жағына қарайтын жол жиегіне түгелдей раушан гүлдерін отырғызыпты. Жаяу жүргіншілерге арналған жолдарға асфальт төселген.

«Мердігер компания жүктелген міндетті уақытында аяқтады. Және ол елордамыздың туған күнімен тұспа-тұс келіп отыр. Сондықтан бұл скверді Астана күніне орай қала тұрғындарына тартылған үлкен сый десе де болады. Бұл жер, әсіресе, жазғы кешті қызықты өткізгісі келетін қала жастары үшін, дәлірек айтсақ, скейтерлер, ролик тебудің фанаттары үшін ерекше орын болмақ. Мақсатымыз – жастар спортпен қолдау, сондай-ақ, салауатты өмір салтын қалыптастыру, – дейді Алмалы ауданы көріктендіру бөлімінің басшысы Әкімхан Төлеген.

Ендеше, заман талабына сай жабдықтанған аймақ ауданның келбетін ажарландыра түсумен бірге, тұрғындардың демалып, серуендейтін ыңғайлы орнына айналатыны сөзсіз.



«СОЛНЕЧНЫЙ» СҮТ ӨНІМДЕРІ ЗАУЫТЫ» жылына 80 мың тонна өнім өндіреді

Тамақ өнеркәсібі Алматы қаласының экономикалық дамуында аса маңызды орын алады. Сол себепті, азық-түлік өнімдерінің өндірісі өңдеу өнеркәсібінің ең қарқынды дамып отырған секторы болып табылады.

Алмалы ауданында орналасқан «Солнечный сүт өнімдері» зауыты халыққа табиғи өнім ұсынып отырған ірі кәсіпорындардың бірі. Жер учаскесінің көлемі 1

гектарды алып жатыр. Зауыт табиғи сүт, айран, йогурт, сүзбе, қаймақ, сары май, ірімшік секілді сүт өнімдерінің бірнеше түрін өндіреді.

Бүгінгі таңда кәсіпорынды кеңейту мақсатында өндіріс қуаттылығын арттыру үшін сүт өңдейтін құрал-жабдықтар алынып, монтаждау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жоба бойынша жаңа жұмыс орындары құрылып, тағы да 20 адамды жұмыспен қамтитын болады. Сүт өнімдерінің ассортиментін кеңейтуді көздеген кәсіпорын жылына 80 мың тонна өнім өндіреді.



ШАҢАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ



БОТАНИКАЛЫҚ БАҚТЫҢ ӘДЕМІЛІГІНЕ СӨЗ ЖЕТПЕЙДІ

Нұржамал ӘЛІШЕВА

Иә, Алматыдағы құрылғанына 90 жылға жуықтаған Ботаникалық бақ бүгінде уақытпен үндесіп, заман көшінен қалмай, мүлдем жаңа сипатқа ие болды. Ол биылғы көктемнен бастап алматылықтар мен қала меймандарына жоғары деңгейде қызмет көрсете бастады.

Бақты қалпына келтіру және жаңарту, оның флорасын көбейту жобасына Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен, 2018 жылы Ботаника және фитоинтродукция институтының сұрауы бойынша Болат Өтемұратов қоры бастамашыл болған еді. Жобаның жалпы құны 15 млн. АҚШ долларын құрады. Бұл бақты соны үлгіде көркейту кезінде бірінші кезекте тұрғындардың ұсыныс-пікірлері ескерілген.

Екі жыл ішінде түрленіп шыға келген Ботаникалық баққа бүгінде 175 мың жаңа өсімдіктер отырғызылған. Олардың арасында сирек кездесетін 1300 экзотикалық ағаш бар. Атап айтсақ, балқарағай, бозарша, шие, алма, алмұрт, караөрік, емен, қайың, жөке түрлері, қызыл жапырақты «Роял Ред» үйеңкісі, магнолияның бірнеше

сорты, Бонсай ағаштары, раушан гүлдері, сакуралар да бақтың мәртебесін асқартып тұр. Жасыл желектердің бойына фитожадық орнатылған. Өскіндерге зиянсыз бұл жарық кешкі уақытта баққа ерекше рең беріп тұрады.

Бақта бұрынғыдай тас жол жоқ. Оның орнына экологиялық гранит төселген. Тоғандар суы тартылмайтын бассейндерге ауыстырылып, онда аққулар жүзіп жүр.

Бұрын Ботаникалық бақ аумағына тек Тимирязев көшесінен кіруге болатын. Енді бұрынғы бір кіреберістің орнына үш жаңа кіреберіс павильоны тұрғызылды. Яғни келушілер баққа «Атакент» көрме орталығынан да, әл-Фараби даңғылынан да кіре алады. Барлық павильон табиғи материалдардан жасалған, оларды электрондық билеттендіру жүйелері және туристік қоғамдық орындарға тән инфрақұрылым – қалдесей дүкендері, шағын кафетерийлер орналасқан.

Мұнда келген алматылықтар мен қала қонақтары ешкімнің көмегісіз өздері экскурсия жасай алады. Ол үшін мобильді қосымшаны жүктеп алса болғаны. Онда тұрған жеріңіз, өсімдіктердің атауы көрсетілген. Сол арқылы мол мағлұмат алып отырасыз.

Міне, бос уақытыңызды отбасыңызбен, ағайын-туыспен, достарыңызбен немесе сүйіктіңізбен өткізгіңіз келсе, Ботаникалық баққа келіңіз. Мұндағы әдемілік үлкенге де, кішіге де сөзсіз жақсы көңіл күй сыйлатыны анық.



Қазіргі пандемия жағдайында медициналық нысандардың да қызметі ауадай қажет болып тұр. «МИПО» медициналық орталығы да есігін айқара ашты. 4 қабаттан тұратын нысанға құйылған инвестиция көлемі 2 млрд. теңге. Жалпы аумағы 2500 шаршы метрді құрайды. Мұнда қазіргі таңда 100 адам жұмыспен қамтылып отыр.



Бостандық ауданында осы шілде ішінде екі балабақша пайдалануға берілмек. Оның біреуі «Асыл тау» ТК-де бой көтерген 195 орынға арналған, 3 қабатты №191 балабақша.

Әлеуметтік серіктестік бағдарламасы аясында «BI stroy» ЖШС инвестициялаған жобаның құны 560 млн. теңге. Егізбаев көшесінен орын тепкен балабақшаның жер телімі 3,5 гектарды құрайды. Жалпы аумағы 3115,7 шаршы метрді алып жатыр.

Ал «Алтыр» жекеменшік балабақшасы «Нұр Алатау» шағынауданында орналасқан. 2 қабатты балабақша жобасының құны 3 млн. теңге. 443,5 шаршы метр аумақты мелеген.

Осылайша ауданда балабақша кезегі қысқарып, талай ата-ана сәбилерін балабақшаға беріп, өздері жұмысқа шығады деген сөз.

Бостандық ауданындағы мұндай жаңа нысандар алдағы уақытта да кезек-кезеңімен ашылып, ел игілігіне беріліп отырмек.



АСТАНАҒА ТАРТУ



ШАҢАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ



АСТАНАҒА ТАРТУ



ЕҢ ӘДЕМІ ДЕМАЛЫС ОРНЫ ПАЙДА БОЛДЫ

Түркісіб ауданындағы Буденный сквері Буденный мен Ғанибет көшелерінің қиылысында орналасқан. Сквердің аумағы – 1,1 га.

Қазіргі уақытта «АлматыСтройПроект» ЖШС мердігерлік ұйымы сквердің ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуде. Скверде балаларға арналған ойын

аңы, көше тренажерлері, воркаут аңы, МАФ, футбол корты, орындықтар, коқыс жәшіктері орнатылған.

Аумақтағы сыртқы жарықтандыру желілері ауыстырылды. Сонымен қатар, аталған аумақта балабақша, мектеп, жекеменшік тұрғын үйлер бар.

Мұндағы халық саны 15 мыңға жетеді.



ЕКІ ТҰРҒЫН ҮЙ КЕШЕНІ САЛЫНДЫ

Әсел ДАҒЖАН

«Есентай Строй» ЖШС Алматы қаласы Медеу ауданында екі тұрғын үй кешенін салды. «Tetgenkur Tergase» тұрғын үй кешені Тәттімбет, 86 мекен-жайында орналасқан. Кешен жарты гектар жерде орналасқандықтан, бар-жоғы 41 пәтер бар. Өрлеу жұмыстарына гранит, жарлауық және мәрмәр секілді жоғары сапалы материалдар қолданылды. Үйдің төбелерінің биіктігі 3,4 метр, биік панорамалық

терезелер алюминиден жасалған. Кешен бір жылда салынғандықтан, құрылыс жұмыстарына 500-ден аса адам қатысты. Қазіргі кезде апартаменттің иелері жөндеу жұмыстарын жасап, қоныс тойын тойлауға дайындалуда. Ал «Медеу Парк» тұрғын үй кешені Бегалин, 7 мекен-жайында қоныс тепкен. Кешен коммерциялық үй-жайлар мен 234 пәтерден тұрады. «Есентай Строй» ЖШС директоры Ержан Әбдіқадыровтың айтуынша, бүгінгі күні бірінші тұрғын үй кешенінде жиырма шақты отбасы қоныс тойын тойлауға дайындалып жатса, «Медеу Парк» тұрғын үй кешенінде адамдар тұрып жатыр дейді. Шамамен екі жүз отбасы бар.

ШАҢАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ



«ALATAU CITY» ТҰРҒЫН ҮЙ КЕШЕНІ



Салушы:	ТОО «Alatau City»
Жетекшісі:	Туркан Ферхат
Мекен жайы:	Ақбұлақ ықшам ауданы, 3 көше, 33/1
учаскесі	
Жобаланған үйлер саны:	41
Қабат саны:	12
Жобаланған пәтер саны:	3936
Пәтерлердің жалпы аумағы:	221,17 мың. м2
Құны	1 м2 220 мың теңгеден бастап
Нысан құрылысының басталған уақыты:	2016 жыл желтоқсан
Нысан құрылысының аяқталатын уақыты:	2021 жыл желтоқсан
Мемлекеттік қолдау:	«Самұрық-Қазына» ҰҚ АҚ

Жалпы ақпарат: жалпы учаскеде ауданы 221,17 мың м2 және сыйымдылығы 1000 көлік орны бар жерүсті автопаркінгімен қоса 3,9 мың м2 41 үй салу жоспарланған.

Инвестицияның жалпы сомасы: 44 млрд. теңге
Құрылған жұмыс орны: 7
 Бүгінгі күнге дейін 17 үй пайдалануға берілді

Дайындаған – Әсел ДАҒЖАН

ӨНІМДЕРІ ӘЛЕМДІК САПА СТАНДАРТТАРЫНА САЙ КӘСІПОРЫН

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жетісу ауданында қаланың өнеркәсіптік өндірісі көлемінің төрттен бір бөлігін қамтамасыз ететін кәсіпорындар шоғырланған.

Солардың бірі – қағаздан гигиеналық өнім шығаратын «Parigone» ЖШС заманауи зауыты. Жер көлемі – 5,1 га. Жоба құны – 4 млрд. теңгені құрайды. Колданылатын технологиялар мен өндірісті автоматтандырудың арқасында өнім әлемдік сапа стандарттарына сәйкес келеді. Үш қабатты дәретхана қағазы, қағаз сүлгілер мен қағаз майлыктар өндіретін кәсіпорын, жылына 3,1 млрд. теңгенің өнімін шығарады.



АСТАНАҒА ТАРТУ



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ

ЕЛБАСЫ

Қазақстан халқына Үндеу жолдады

Қымбатты отандастар! Қадірлі достар!
Өздеріңіз білетіндей, коронавирус инфекциясының қатерлі пандемиясы әлемнің көптеген елін, соның ішінде Қазақстанды да шарпыды. Миллиондаған адам осы ауыр дертпен сырқаттанды, ол мені де айналып өткен жоқ.
Бірқатар шет мемлекеттер мен үкіметтер басшыларының, көрнекті саясаткерлер мен қоғам қайраткерлерінің шынайы жанашырлығын танытып, маған моральдық қолдау көрсеткені көңілімді тебіrentті. Баршасы қалтқысыз ниеттестігін жеткізіп, сергектік тілеп, тезірек сауығып кетуіме тілектестігін жолдады, сол үшін бәріне зор ризашылығымды білдіремін.

Олардың қатарында Ресей Президенті Владимир Путин, Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин, Қырғызстан Президенті Сооронбай Жээнбеков, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түркіменстан Президенті Гурбангулы Бердымухамедов, Түркия Президенті Реджеп Тайып Эрдоған, Америка Құрама Штаттарының Мемлекеттік хатшысы Майкл Помпео, Біріккен Араб Әмірліктерінің Президенті Халифа Заид Әл Нахян, Үндістанның Премьер-министрі Нарендра Моди, Жапония Премьер-министрі Синдзо Абэ, Иордания Королі II Абдалла бен әл-Хусейн, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Армения Президенті Армен Саркисян, Украина Президенті Владимир Зеленский, Корея Республикасының Президенті Мун Чже Ин, Пәкістан Президенті Ариф Алви, Израиль Президенті Реувен Ривлин, Сербия Президенті Александар Вучич, Хорватия Президенті Зоран Миланович және т.б. бар. Бәрін түгел атап шығу мүмкін емес, бірақ мен олардың барлығының жолдаған хат-хабарымен таныстым. Қымбатты достар, сіздердің шын көңілден шыққан тілектеріңіз, ыстық ықыластарыңыз маған күш беріп, өмірге құлшыныс-қуатымды арттырды. Баршаныңа басымды иіп, зор денсаулық пен табыс тілеймін!

Мен еліміздің көптеген өндіріс ұжымдарынан, еңбек ардагерлерінен, әскери қызметшілерден, студенттер мен оқушылардан — өз қолдауы мен тілектестіктерін жеткізіп, маған мықты денсаулық тілеп, толық сауығып кетуіме ниеттестік білдірген көп қазақстандықтардан хаттар мен жеделхаттар, сондай-ақ әлеуметтік желі арқылы жолданған хат-хабарлар алдым.

Маған шынайы жанашырлығы мен қолдауын ғылыми қоғамдастық пен шығармашылық зиялы қауымның өкілдері де білдіргенін ризашылықпен айта кеткім келеді. Олардың арасында Серік Қирабаев пен Әлия Бейсенова, Бибігүл Төлегенова, Төрегелді Шарманов, Мырзатай Жолдасбеков, Сұлтан Оразалин, Ғарифолла Есім, Несіпбек Айтұлы, Жанларбек Мәлібеков, Талғат Теменов және басқа да Қазақстанға кенінен танымал қайраткерлер болды.

Менің атыма Олға Рыпакова, Дмитрий Баландин, Илья Ильин, Әлия Юсупова, Зарина Диас сияқты белгілі спортшыларымыз ізгі тілектерін білдірді. Баршаныңа көп рахмет айтамын! Мен бәріңізді де білемін. Сіздер және басқа да жастар — тәуелсіздік перзенттерісіздер. Денсаулық пен бақыт тілеймін!

Дәрігерлердің күш-жігері және олардың талаптарын мұлтқисз орындаудың, сондай-ақ баршаның қолдауы мен жылы сөздерінің арқасында мен сырқаттан сауығып



шықтым, қазір өзімді жақсы сезінемін, толыққанды жұмысқа кіріскелі отырмын. Халқымен бірге бұл сырқаттың бүкіл ауыртпашылығын сезіндім, қазір емделіп жатқандардың бәріне төзім мен қажыр-қайрат және тезірек сауығып кетулерін тілеймін.

Біз өткізіп жатқан күрделі кезең — бүкіл адамзаттың басына түскен сын сағат. Сырқатпен күрестің ең алдығы шебінде жүрген дәрігерлер адамдарды аман алып қалу үшін барлық күшін жұмсауда. Бұл ретте медицина қызметкерлерінің еңбегіне баға жетпейді — мұны қазіргі уақыт айқын көрсетіп отыр. Болашақта да отандық денсаулық сақтау саласына баса көңіл аударып, оны дамытуға қажетті қаржылық және материалдық ресурстар бөлу керек. Осы орайлы сөтте еліміздің медицина қызметкерлеріне ерекше ризашылығымды білдіремін.

Естеріңізде болар, тәуелсіздіктің бастапқы жылдары менің шешіміммен арнаулы Ұлттық қор құрылып, алтын-валюта резерві жасалды. Бұл бізге әлемдік екі бірдей дағдарысты жеңіп шығуға септігін тигізіп және сол қаражат қазір Үкіметке пандемияға қарсы ауқымды жұмыс пен тұрмыс төмендерге қолдау көрсету барысында көмегін тигізуде. Егер алдағы уақытта оны ақылмен, үнемдеп пайдалана білсек, өзге сын-қатерлерді де

тиімді еңсере аламыз. Қазақстанның басқа елдер алдында қарызы ең төмен мемлекеттің бірі екені де біздің артықшылығымыз.

Еліміздің Президенті мен Үкіметі қалыптасқан жағдайды түзету үшін қажетті барлық шараны қабылдауда. Бірақ көп нәрсе өзімізге байланысты. Дәрігерлер біз үшін қолдарынан келгенін бәрін жасап жатыр. Алайда, бұл ауруды жұқтырудан сақтану көбінесе әр адамның өзіне байланысты. Төзімді болу керек, әсіресе жастарға. Қажетті гигиена талаптарын орындап, тезірек вакцина пайда боларына үміттеніп отырып, ауру жұқтырудан барынша ұзағырақ уақыт сау болуға тырысқан жөн. Тәртіп сақтап, өз денсаулығымызды, туған-туыстар мен жақындардың амандығын ойлауымыз қажет, дәрігерлерге сену керек.

Халқымыз басқа түскен қиындықты өзінің қайрат-жігері, ұйымшылдығы, болашаққа деген ұмтылысы арқылы бүкіл халықаралық қоғамдастықпен бірге лайықты түрде еңсеріп, аман-есен шығарына сенімдімін. Біз тағы да жеңімпаз боламыз. Еліміздің жақсы күндері алда. Біз біргеміз! Біз жеңеміз! Біздің ұранымыз осы.

Барлық отандастарымызға мықты денсаулық пен игілік, елімізге бақ-береке тілеймін!

14 КҮНГЕ ЕНГІЗІЛЕТІН ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев коронавирустың таралуына қарсы күрес шаралары жөніндегі кеңесте төтенше жағдай режимі тоқтатылғаннан кейін вирустың таралуы 7 есе өскенін айтып, қазіргі эпидемиологиялық жағдайды нағыз үшін Мемлекеттік комиссияға екі күн ішінде қатаң карантин енгізу мәселелерін шешу жолдарын ұсынуды тапсырған болатын.

Қазақстандағы коронавирустық инфекция ауру-шандығының өсуі мен эпидемиологиялық жағдайдың асқинуын ескере отырып, Мемлекеттік комиссия биылғы жылдың 5 шілдесінен бастап 14 күнге келесі шектеу шараларын енгізу туралы шешім қабылдады:

Көлік қатынасы бойынша:

1. Халықаралық әуе қатынасындағы елдер тізімін одан әрі ұлғайтпай сақтау.
2. Аймақтар арасындағы әуе қатынасын, теміржол қатынасын (шектеулермен) сақтау.
3. Өңірлер арасындағы жолаушылар автокатынасы тоқтатылады.
4. Қоғамдық көліктің жұмысын уақыт бойынша шектеу. Азаматтардың жүріп-тұруы бойынша:
5. Ойын-сауық, спорттық және басқа да бұқаралық іс-шараларды, сондай-ақ отбасылық, естелік іс-шараларды өткізуге тыйым салу.
6. Ашық ауада жеке жаттығуларға рұқсат етіледі.
7. Халықтың көшелерде, саябақтар мен скверлерде 3 адамнан артық жүруіне тыйым салынады.
8. 65 жастан асқан адамдардың қозғалысын шектеу.

Қызметке тыйым салу:

1. Спорттық залдар, фитнес-орталықтар, бассейндер, азық-түлік және азық-түлік емес жабық базарлар, жағажайлар, аквапарктер, мәдениет объектілері, мұражайлар, көрмелер, форумдар, конференциялар және өзге де ұйымдастырылған бұқаралық іс-шаралар, ойын-сауық орталықтары, мектепке дейінгі балалар мекемелері (кезекші топтардан басқа), діни объектілер және т.б. (СОО-дағы ойын-сауық орталықтары, ойын-сауық мекемелері (караоке, бильярд, компьютерлік клубтар, боулинг



орталықтары), кинотеатрлар, балаларды сауықтыру лагерлері, фудкорттар, банкет залдары).

2. Мемлекеттік органдардың (ұйымдардың), кенес-лердің, ұлттық компаниялар мен өзге де ұйымдардың қызметкерлерінің кемінде 80%-ы үшін қашықтан жұмыс нысанын сақтау.

3. Медициналық орталықтардың қызметі алдын ала жазылу бойынша сақталады.

4. Дәріханалардың, азық-түлік дүкендерінің, ашық базарлардың қызметін сақтау.

5. Күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, мынадай объектілердің қызметін сақтау: ашық ауадағы қоғамдық тамақтану; үздіксіз өндірістік циклі бар құрылыс, өнеркәсіп кәсіпорындары; ашық ауадағы құрылыс жұмыстары; ауыл шаруашылығы жұмыстары, балық шаруашылығы және мал шаруашылығы.

Халыққа қызмет көрсету салалары, оның ішінде автожуу, автомобильдер мен тұрмыстық техниканы жөндеу, ХҚО, екінші деңгейдегі банктер (бірақ уақыт бойынша шектеумен).

Бұл жайлы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында вице-премьер Ералы Тоғжанов хабарлады. Сонымен қатар, вице-премьер карантин режимін бұзғаны үшін жеке тұлғалар, өкімшілік жауапкершілікке тартылатынын ескертіп, 30 АЕК мөлшерінде айыппұл салынаатынын айтты. Ал бизнес субъектілеріне 230 АЕК және одан жоғары мөлшерде айыппұл салынаатын болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық және әлем тілдері университетінің ұжымды доцент, филология ғылымның кандидаты, қазақ филология кафедрасының меңгерушісі

Бейбіт Жалелұлы ИСХАННЫҢ
 мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады

ЕЛ ЖӘНЕ ЕЛБАСЫ

Жалғасы. Басы 4-бетте.

Қысқасы... Сыртқы күш те, ішкі күш те әлекедей жаланып, сөзінің қыры мен көзінің сұғын Қазақстанға қадаудай қадап басты.

Ұлт көшбасшысының «Ғасырлар тоғысында» кітабында айтқан мына ойлары соның дәлелі. «...Тіпті, Кеңес Одағы әлі бар кезден бастап «ақыл айту» көбейді. Сонау 1991 жылдың 16 наурызында Мемлекеттік хатшы Джеймс Бейкер мені АҚШ-тың Мәскеудегі елшілігіне шақырды. Түн ортасы ауа кездесті. Бейкер елдегі жағдайды білгісі келді... Сол кезде-ақ Батыстың ядролық қару мәселесін шешуге жол іздей бастағаны аңғарылды. Кейін бұл турасында сол жылғы 16 қыркүйектегі Алматы басқосынында ашықтан-ашық сөз болды...

Түбі Кеңес Одағының өлденеше тәуелсіз мемлекеттерге ыдырап кетерін Батыс сол кезде-ақ ұға бастады. Егер мұндай жағдай туа қалса, АҚШ-тың әр мемлекеттен жеке-жеке «шұғылданатынын» Джеймс Бейкер ашық айтты... АҚШ-тың ахуалды қадағалай алатын, экономикалық реформаны нақты жоспармен жүзеге асырып, нарықтық экономиканы дамыта алатын қуатты мемлекеттермен ғана істес болғысы келетінін жасырып жатпады» («Ғасырлар тоғысында», Алматы, «Өнер», 1996 жыл, 61-бет.), — деген сөз төркінінде өтпелі дәуірдің өзек өртеген қаншама ақиқаты мен шындығы жатыр!?

1991 жылдың әр айын қойып, әр күні, тіпті әр сағаты қымбат екенін ой тәзіне салып отырып сезінуге болады. Мұхиттың арғы бетіндегі ұлы жұрт өз ұсынысы мен өз ықпалын осылай айтса, Солтүстіктегі «тонның ішкі бауындай болып» араласқан, Ұлы Далаға өзінің шексіз билігін жүргізіп келген, әлі де жүргізгісі келетін екінші жұрттың — Кеңестер Одағының соңғы Президентінің «тағынан тайып» бара жатып, «Қазақстанның солтүстіктегі бес облысы Ресейдің жері болуы тиіс» дегенін қалай ұмытпа болады?! Бұл сайып келгенде, өз саясатын өзі анықтап, өз жолын өзі белгілеуге ұмтылған — Тәуелсізденуге түбегейлі бет бұрған Жаңа Қазақстанның ішіне ұлт араздығының қызыл шоғын лақтырып, өрт салу еді... Төркінінде екі құрылқа алтын көпір болған ұлы байтақты дау-жанжалдың кеністігіне айналдыру дейтін арам пиғыл жатқаны күмәнсіз...

Қазақстан екі бірдей алпауыт елдің қыспағында тұрды. Қазақстан «тар жол, тайғақ кешудің» ғаламдық тайталасынан қайткенде аман өтер, өз жолын өзі анықтап жана дәуір қарсаңында тұрды.

Көріп отырсыздар, тарихи жылдың тағдырлы тәлімінің бүгінгі ұрпаққа айтары көп. Өте көп...

Міне... Азаттық дейтін аяулы ұғымды қанат етіп, Тәуелсіздікке ұмтылған Алаш жұртының алдынан қырық қатпарлы мінезі бар үлкен әлем осындай қолдандырып тартумен болды. Ежелгі қазақ жерінің басына кесір мен кесапаттың қара бұлтты осы бір қысқа мерзім ішінде неше жиналып, неше сейілді... Оның себебі айтпай белгілі.

Әлгідей ірі мүдделер мен мақсаттарды жүзеге асыру үшін алып елдің бірі жана қожайын болғысы келсе, бірі ежелгі тежеусіз билігін сақтап қалуға барын салды. «Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» — Қазақ елін өтпелі дәуірдің өртінен аман өтуін қиындатар тарихи факторлардың қоюлана түскені.

1991 жылғы тамыз оқиғасы осы айтқанымыздың айқын көрінісі, анық белгісі еді.

Кеңестер Одағын сақтап қалудың қамалқасын ойлаған шоғырдай топтың шаллауар әрекеті тайалайды тынысын тартытып, тайалайды көкірегіңдегі «мысық дәмесін» оятады. Шынын айту керек, тарих донғалағаны көр бұрғысы келгендер ішімізде де болмай қалған жоқ... Ондай пиғылдың буына бойы мен ойын алдырғандар Қазақстанның тәуелсіз ел болып, әлемдік өркениетке еркін араласуын қаламағаны айдай ақиқат еді. Әлдекілердің долбарымен айтқанда, «демократия дейтін сұлу қыздың» жалпақ жұртты жұтындырып тұрған шағы. Басқасын былай қойғанда, алуан-алуан сөз айтты, аламанға ат қосқан «популисттердің» арасынан ел тұтастығын бұзғысы келген кеудесіне «халық депутаты» деген жалауша қалаған жігіттердің де ара-тұра көрінгенін қалай ұмытпа болады?! Сөз бостандығын желеу етіп, «сүреншілердің» түкірігі жерге түспей, «тисе — терекке, тимесе — бұтаққа» шашырап, Алматының аспаны қалың митингілердің айқайына шашалып жатқаны аздай... Оралдан қазачествоның шпорының сартылы естіліп, Солтүстіктен «горькая линияны» еске алушылардың үнінің жарқын-жарқын шыққаны, Шығыстан Ертістің «он жағалауын» «сол жағалауынан» бөліп өкетуге тырысушылардың бой көрсетіп жатқаны ел ішін аландатқаны рас. Сайып келгенде, бұл әрекеттер әлі жариялана қоймағанымен, ісі мен сөзінен азаттыққа деген ерен мінезі анық аңғарылған Қазақстанның Тәуелсіздігіне жасалған қатерлі қарсылықтар еді.

ГКЧП дегеннен шығады... Адамдардың ойы мен санасы сендей соғылысып, Мәскеуге үрке қараған сол бір күндерде тарихтың кері бұрғысы келгендерге қасқаң қарап, ел атынан «қарсылық» мәлімдемесін берген Нұрсұлтан Назарбаевтың мінбегі қайсар кейпі көз алдымда. Ел Президентінің Парламент мінбесінен депутаттарға қаратып: «Сөз — оқтан да қатерлі! Соғыстың бәрі сөзден басталған. Таулы Қарабақты ұмытпаңдар!» деген жалынды сөзі жадымызда. Алматының қас ортасына орналасқан Ескі Үкімет үйінің мінберінен естілген сол дауыс әлі күнге құлағымынан кетпейді...

Менімен қатарлас отырған қазақ юрисприден-шиясының корифейі, «ұлтмыз» дегенде өзін суырып беруге әзір тұратын марқұм Зиманов Салық Министрінің: «Жарайсың, Нұреке! Жарайсың!.. Дер кезінде айтылған сөз. Мұндай бір ғана ел емес, ондаған елдердің тағдыры сыңға түскелі тұрған кезде жасқанбау керек! Тарихи мәлімдеме!» деп қуана қол соққаны есімде. Өрине ұлттық юрисприденшияны әлемдік ойлау кеңістігіне алып шығып, қазақ топырағындағы бірде-бір елге ұқсамайтын билер сөзі дейтін ежелгі мектепті қайта тірілтуге күш салған ғұламаның бұл сөзін қолдаушылар да, үндемей қарсылық білдірушілер де болғанын ішіміз сезді. Ұлттық құндылықтар

АЛАШ РУХЫНЫҢ
АМАНАТЫ

мен ұлттық ұғымдар таразы басына түскенде суырылып шығып, Президент ұсыныстарын қолдайтын қалың, қуатты күш — зиялы қауым өкілдерінің көзінен де, сөзінен де Орталықтың мына кісәпір мінезін жазғыру ашық байқалды.

Сол күндерде Қазақстанның Телерадио Комитетінің Төрағасы, көрнекті әдебиет сыншысы, қайраткер-досымыз, марқұм Сағат Әшімбаевтың күйіне күйзеліп: «Нұрлан, мыналардың бет-әлпеті де, ауыз-әлпеті де жаман. «Ұлым» деген азаматтардың барлығы Нұрсұлтан Әбішұлының айналасына тас-түйін шоғырлануымыз керек!», — деп жалын ата сөйлегені есімде... Сол күйзелістің ақыры қоғам-шыл, қазакшыл, халықшыл, «тура биле туған қоғам, туғанды биле иман жоқ» дейтін дала жұртының ежелгі тәрбиесіне сеніп өскен Сағатты ойда-жоқта арамыздан алып кетті...

Сенім мен күдік айқасқа түскен сол бір күндерде жанымды шүберекке түйгендей қыл үспінде отырып жазған мына бір «Сенім» атты өлеңімді қағаз бетіне түсіргенім қаз-қалпы жадымда. Өлең Нұрсұлтан Назарбаевқа арналып еді.

*«Халық деген бір ұлы қалыпшы бар,
қиналас да бәріне налып, шыдар.
Халық аман болса егер ұл тумай ма
қиын-қыстау күндерден алып шығар?!»*

*Көкіректің тілегі қат-қабат үн,
мәймонкелер жөсей жоқ, ақпалайын.
Ел басына сын туды серпілі, Аға,
соқты сенің көріңер сәт, сағатың.*

*Топ алдына шық, қане!
Алаңа шық!
Көріп сені сілкісін ғалам-ғашық,
«Көсемсіз» біреулер бісін алып,
ұясына тығылсын жаман, жасық.*

*«Әулиелер» сезінсін пенделігін,
қайтсын жүзі қаталдық шеңберің.
Түзе бойды, мезгіле тура қара!
Ашы, Ойым!
Айтты, Сөз!
Жөңдегі, Ұғым!*

*Құм құйылсын өсектің өңешіне,
Арман...
Ақы...
Оралсын ел есіне.
Алып шығар ғасырдың дауылынан
Басын керек Заманға кемесіне.*

*Жаңылдырмай баста алға санамызды,
Көуделерде соқ жүрек, адай, ізгі!
Бағыт керек адастай табатұғын
«Болашақ» деген асыл жағамызды.*

*Халық деген бір ұлы қалыпшы бар,
қиналас да бәріне налып, шыдар...
Елім менің күтуде бір Асылын,
қиын-қыстау күндерден алып шығар...»*

21 тамыз, 1991 жыл.
(Шығармалар жинағы, 3-том.)

Жасыратыны жоқ, біраз жыр жинақтарыма енген осы бір тағдырлы жеті шумақ өлеңіме көз тоқтатқан сайын есіме ескі Алматы, ескі Үкімет Үйі, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің XII шақырылымының депутаттары түседі.

Бәрі есімізде, бәрі жадымызда...

Мен мұны сол күндердің біраз қою оқиғаларының ішінде жүрген, болған, көрген, Қазақ Елінің басшысын әркілі кезеңде, әр түрлі жағдайда алыс-жақыннан қадағалаған, өлденеше мақала жариялап, саяси сұхбаттар мен саяси сапарнамалар, ессе-толғаулар жазған қаламгер ретінде, қолын жүрегінің тұсына қойып әнұранға ұйыған осы елдің бір азаматы ретінде айтты отырмын. Әрі-берінен сон Қазақ Елінің ертегі мен болашағынан тек қазақ тілінің ертегі мен болашағын көріп, жыр жазған осы елдің бір ақыны ретінде, бір ұрпаққа — өке, бір ұрпаққа ата болып, жетпістен асқан ел ағасы ретінде жеткіншек буыңа біздің ішкі ойымыз жетсе екен деп айтты отырмын.

Мына дала, мына таулар — Қазақтың Елі дейтұғын ұлы байтақ жалғыз Назарбаевқа ғана емес, осы кеністіктің өзінің Отаны санайтын әрбір қазаққа, әрбір қазақстандыққа керек!

Бұл — даусыз ақиқат!

Бұл — әрбір жүрек түкпірінде жатқан Құнарлы ұғым, тұмарлы сөз!

Бүгінгі әлем танып, әлем мойындаған, шекарасы ресми түрде тұңғыш рет тарихи құжаттармен бекітіліп, өзге елдердің билеп-төстеуімен емес өзінің қалауымен, мемлекеттік пәрменімен шегенделген, өз Астанасы бой көтерген, жемісін халқымыз көріп жатқан Тәуелсіз жұрттың кемегісін білу, ұмытпау, соны ұрпақ жадында жаңғыртып отыруға бағыттау — ортақ Парызмыз.

Тарих — халықтың өмірбаяны!

Тарих халықтың қуанышы мен қайғысы, жүрегінің соғысы! Ой-санасының, еткен еңбек, төккен терінің көрінісі.

Тәуелсіз елдің иесі де, киесі де — халық.

Тұңғыш Қазақ Президенті — Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының 80 жас дейтін кемел биікке көтерілуіне орай, Қазақ Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының «Тарихи тұлға тағылымы» дейтін мақаласын оқи отырып: «Әлбетте, дүниенің екі бөлігі — Еуропа мен Азияның арасынан екі өркениет — батыс пен шығыс мәдениетінің ортасынан, екі жүйе — тоталитаризм пен демократияның аралығынан жол тауып шыға білу — сұңғылалықпен, көрегендікпен сипатталатын саяси зор қабілет. Елбасы осы бір алшақ дүниетанымдардың арасынан қоғамға ортақ қасиеттер — азиялық дәстүр мен батыс жанауылдылығын жымдастыра отырып, жана тұрпатты мемлекеттің ұстынын қалыптастырды» деген терең тамырлы пікірінен қазіргі кезеңдегі, әрі ресми, әрі жалпыхалықтық зор бағаны аңғардық.

Иә...

Өзінің Көшбасшысын анықтап, Сенім билдіруге осыдан тұн-тура 29 жыл бұрын жасалған халықтың қапысыз тандауы тарих тандауына айналған Алаш Рухының Аманаты екеніне уақыт та, заман да көзімізді жеткізе түседі.

ТІЛ — ТҰҒЫРЫҢ

ТІЛ ТАҒДЫРЫ – ҰЛТ ТАҒДЫРЫ

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ! ●

СЕКСЕННІҢ
СЕҢГІРІНДЕ
СҰЛУ АНА

Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Әйгерім» ықшамауданының тұрғыны, аудандық «Әжелер» ансамблінің жетекшісі, әулетіміздің отанасы бірімізге сыйлы әже, енді бірімізге ана, сүйікті жар, қымбаттымыз Тұраш Шыныбекованы 6 шілде 80 жасқа толу мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз.



Сексеннің сеңгірінде сұлу ана
Сексеннің шілдең келді аман.
Отбасының ортасында

жайнай берші,
Көңіліңе қаласын ешбір алап.
Еңбекпенен ер атанған

атағың бар,
Таймас сірә ешқашан
бақ-тәжің бар,

Тоқсанды, жүзді нәсіп етсін
Алда,

Өнегеден өрізген нұр ізін бар.
Сексеннің мәңгі үзілмес әнін
берсін!

Төріңе ұшып кетпес бақыт
берсін!

Ырыстан тұрғызылған
шаңырағыңның,
Керегесін әрдайым шаттық

керсін!
Бүгін міне – ең мерейлі мерекең,
Еңсең биік, мұраты асыл

Ел екен!
Шілдеден міне – нұр шауағын
шашып тұр,

Ырыс, бақыт, арта берсін
берекең!

Ізгі ниетпен: жолдасы –
Құдайберген. Балалары –
Ләтіпа, Бибігүл, Зәмзәгүл,
Раушан, Болат келіні Лена және
немере-шөберелері.

Газетіміздің келесі саны 9 шілде,
бейсенбі күні шығады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Ана тілі» газетіне берген көлемді сұхбаты, халқымыздың ойында жүрген өзекті мәселелерді шешудің тиімді жолдарын ұсынған сұңғыла пікірге толы, елдің тағдырына назар аударатын дана көзқарас. Шынында да көтерілген мәселелердің ішінде ең күрделісі де және ел арасында әр түрлі шиеленісті пікірлер тудырғаны да қазақ тілінің мәселесі.

Еліміз тәуелсіздік алған кезеңнің алғашқы күндерінен бастап қазіргі күнге дейін күн тәртібінен түспей келе жатқан өмірлік және өзекті сұрақ екені бірімізге белгілі. Ол түсінікті де, себебі әлемдегі кез-келген ұлттық мемлекеттің рухани тұғыры, тәуелсіздігінің кепілі, мәдени дамуының негізгі құралы сол елдің негізін қалаған ұлттың тілі. «Сөзі жоғалған ұлттың, өзі де жоғалады» деген нақылдың қаншалықты шындыққа жақын екендігін адамзат тарихы дәлелден берді. Тіпті, кешегі Кеңестік одақ тарихында қаншама ұлттар мен ұлыстар тілі мен дінінен айырылып ассимиляцияға ұшырады. Кеңестік жүйе ыдырамағанда, қазақ тілінің тағдыры да қыл үстінде тұрғандай еді. Әрине, осы тұрғыдан алғанда, кейбір тіл жанашырларының қызбалыққа салынып, тарихи үрдісті жеделдетуге деген ұмтылысы түсінікті жағдай. Метрополианың бодандық саясатынан теперіш көріп, бостандық таңы атқанда еркіндікке қол жеткізген жұрттың ескі бұғаудан тезірек босануға жанталасуы заңды құбылыс. Дегенмен, сол кезде бостандыққа қол жеткізген Кеңес Одағы шеңберіндегі республикалардың ішінде Қазақстанның жағдайы мүлде ерекше болған еді. «Тілдік проблеманың үлкен саяси мәні мен мәншөзі бар. Тіл мәселесіне бей-жай қарап, немқұрайлылық танытсақ, мемлекетіміз бен ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіріп алуымыз мүмкін», – деген Мемлекет басшысының сөзі өте орынды. Өйткені, еліміз тәуелсіздік алған жылдардың басында Қазақстандағы демографиялық, географиялық және саяси-әлеуметтік жағдай басқа республикалармен салыстырғанда өзгеше болды.

Атап айтқанда, қазақ ұлтының үлес салмағы республика халқының үштен бірін ғана құрайтын және жергілікті халық мемлекет аумағында біркелкі қоныстанбаған болатын. Мысалы, қазақтардың басым бөлігі отарлық саясаттың салдарынан және ата кәсібіне де байланысты жеріміздің оңтүстік пен батыс аймақтарындағы ауылды жерлерде тұрып жатты. Ал солтүстік пен шығыстағы құнарлы жерлерде және ірі қалаларда ұлтымыздың үлес салмағы мүлде аз болды. Мұндай жағдайда, әнербақан саясат ел ішінде дүрбелең туғызып, саяси сепаратизмге түрткі болып кетуі әбден мүмкін еді.

Кешегі империяның негізін қалаған Ресеймен шекарамыз құрлықтағы ең ұзын шекара болғандықтан, көрші елмен достық қатынастарымызды сақтап санасуға да тиіспіз. Көшпенді мәдениеттен отырықшы мәдениетке ауысуына бір ғасыр да толмаған қазақ жұртын урбанизация үрдісі толық қамти қоймаған еді, Кеңес үкіметі тұсында саяси-әлеуметтік себептерге байланысты қазақ жастары қалалардағы өндіріс орындарында тұрақтай алмады. Сондықтан Ұлы далада тарайды шашылып жатқан қазақ жұртының саяси-экономикалық белсенділігі, қаланы мекендеген басқа ұлттарға қарағанда әлсіздеу болды. Оның үстіне, ұлттың кеңпейілділігі мен толерантты мінезін шебер пайдаланған метрополианың жымсық саясаты қазақтардың орыс тілінде сөйлеп, ана тілін ұмыта бастауына алып келді. Соның салдарын қазіргі уақытта да жеңе алмай жатырмыз.

Осындай аласапыран заманда, Елбасшысының халықты сабырлылыққа шақырып, алды-артын ойлаған саликалы саясат жүргізуі –

уақыт талабы. Мемлекет басшысының басқа елдердің тәжірибесін мысалға келтіре отырып, мемлекеттік тілге қатысты жұмыстардың жөн-жоспарын көрсетіп беруі өте көңілге қонымды. Расында, тіл туралы әңгімені қайта-қайта қозғап, қоғамдық ортаны дүрліктерге бергеннен пайда шамалы, ең дұрысы Президент айтқандай, нақтылы іспен қажеттілік қалыптастыру. «Қажеттілік – бәрін де жеңеді!» деген қанатты сөз бекер айтылмаған.

Азаматтарға, қоғам өмірінің барлық саласында еркін дамып өсу және адамдар арасында сыйластық табу үшін мемлекеттік тілге деген сұранысты күшейту бірінші қажеттілік екендігі даусыз. Қандай халыққа, қандай нәсілге жататындығына қарамастан, жас баланың өзі қоршаған қауым қай тілде сөйлесе, сол тілде сөйлеп кететіндігі тілдің биологиялық құбылыс еместігін білдіреді. Сондай-ақ, тіл жеке адамның рухани қасиетіне тән психикалық құбылыс та емес. Олай болғанда, әр адамның тілі әр басқа болар еді де, ұлттық тіл деген болмас еді. Сондықтан тіл – биологиялық та, психикалық та құбылыс емес, әлеуметтік құбылыс. Қоғамсыз тіл болмайды, тілісз қоғам болмайды деген қағида қазіргі заман тіл білімінде берік орын тепкен, талассыз тұжырым деуге болады.

Көп ұлтты мемлекеттерде әр түрлі ұлт өкілдері бір-бірімен қатынас жасау үшін, өзінің ана тілінен басқа тілді де, өзмен аралас-құралас халықтың тілін де білу қажеттігі туады. Сөйтіп, өздерінің күнделікті өмірлерінде олар екі немесе одан да көп тілдерді жарыстыра қолдана береді. Осыдан барып екітілділік немесе көптілділік пайда болады. Қазақстан жағдайында, көптілділік белгілі бір тарихи кезеңге дейін объективті қажеттілік. Мемлекет басшысының пікірінше, мемлекеттік қызмет саласында және оқу-білім саласында қазақ тіліне ерекше мән берілуі тиіс. Әсіресе, бастауыш сыныптарда қазақ тіліне басымдық беріліп, басқа тілдерді 5-6-сыныптарда енгізген жөн деп есептейді. Осы тіл мәселесін шешудің тағы бір өзекті де ұтымды жағы, алдымен өз ұлтымыздың намысын оятып, жалпы ұлттық санамыздың жаңғыруына атсалысу. «Жақынды жағдай сыйла, жат жанынан түңісің» дейді емес пе дана халқымыз. Алдымен өз ұлтымыз өз ана тілін рухани құндылық деп танып, мемлекеттік деңгейге көтеруі қажет. Бұл міндет шыдамдылық пен төзімділікті талап етеді. Президент атап айтқандай, қазақ тілінде қате жіберіп сөйлеп тұрған өзге ұлттың өкілі тұрмақ, өз қандастарымызға да түсіністікпен қарап, оларды ынталандыруымыз қажет деп санайды.

Тәуелсіздікке қол жеткізіп, мемлекеттігіміздің тұғырын бекіткен 28 жыл ішінде еліміздің жоғарыда айтылған демографиялық және геосаяси жағдайлары рет-ретімен өзгеше шешімін тауып келе жатыр. Қоғамдағы саяси-әлеуметтік ахуал да тұрақты дамуда. Қоғамның барлық саласында елім деп еңбек етіп жатқан әрбір азамат ұлт жанашыры болып алға ұмтыла алынбайтын қамал жоқ, біз көздеген мақсатымызға жетеміз деп мемлекет басшысы ел-жұртына сенім білдіреді. Ел болашағын ойлап, халқына арқа сүйеген, қалың ел қазағын ақыл мен сабырға шақырған Мемлекет басшысына бізге сеніп, қолдау көрсетейік Қазақ Елі!

Сәуле САГИНТАЕВА,
Ғұмарбек Дүкенев атындағы Алматы
энергетика және байланыс
университетінің ректоры.

«АЛМАТЫ АҚШАМЫ» ГАЗЕТІНЕ
2020 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ОДАН
ӘРІ ЖАЛҒАСУДА

«Алматы ақшамы» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқытын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«Алматы ақшамындағы» жарияланымдар мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА! ●
БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен
және тұрақты авторларымызбен
әрдайым
БІРГЕІМІЗ!

«Алматы ақшамына» Қазпоштаньың қалалық, облыстық филиалында немесе бөлімшелерінде, сондай-ақ «Эврика-пресс» ЖШС және «Евразия-пресс» ЖШС қабылдау бекеттері мен дүңгіршектерінде жазылуға болады.

Бізді «almaty-akshamy.kz» сайтынан да оқыңыздар!

«АЛМАТЫ АҚШАМЫ» ГАЗЕТІНЕ 2020 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ
ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1 647,30 теңге // 5 айға – 2 745,50 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1 369,10 теңге // 3 айға – 4 107,30 теңге // 5 айға – 6 845,50 теңге

95503 (мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1 407,30 теңге // 5 айға – 2 345,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 292-74-21; 8 (727) 292-74-62.

Almaty
AQSHAMY

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеліп, тіркеу туралы №KZ53PY00020900 куәлігі 04.03.2020 жылы берілген. Меншік иесі: «ГАЗЕТА «Вечерний Алматы» ЖШС.

Құрылтайшысы – Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы

Бас редактор – Кали СӨРСЕНБАЙ
Бас редактордың орынбасары – Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
Бас редактордың орынбасары – Торехан ДАНИЯР
Жауапты хатшы – Бақыт ОЙСА

Қабылдау бөлмесі – 292-74-14. Факс – 292-66-48.
E-mail: almaty-aksham@mail.ru

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Апталық таралымы – 15 663

Мекен-жайымыз: Индекс: 050022. Шевченко көшесі, 106 А.

Кезекші редактор – Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

ISSN 2223-2370



Республикаға таратын қоғамдық-саяси қалалық басылм. Газет «Алматы ақшамының» компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қазақстан көшесі, 17. Тел.: 273-12-04, 273-12-54. Офсеттік басылм, көлемі 2 баста табак.